



БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

БАСПАНА БАСТЫ МӘСЕЛЕГЕ АЙНАЛЫП ТҰР



Халықтың әл-әуқаты баспанаға тәуелді болса да, оның тапшылығы таяу мерзімде жойылатын түрі байқалмайды. Бұған әртүрлі фактор әсер етуде. Соның бірі – қыруар қаржы шығындап салынған тұрғын үй сапасының төмендігі. Өкінішке қарай, елімізде осының салдарынан бұзылып жатқан үйлер бар. Тұрғын үйдің зәрулігіне қатысты осы және өзге де мәселелер өткен аптада Парламент Сенатында өткен Үкімет сағатында көтерілді.

(Соңы 3-бетте)

ҚАРАП

ЖАСТАР ТЕРІС АҒЫМДАРҒА НЕГЕ ҮЙІР?

Соңғы кездері, жастардың «дінге» деген қызығушылығы күн санап артып келеді. Әрине, бұл қуантарлық жайт. Десек те, дінді жетік түсініп үлгермеген жас жеткіншектердің сенгіштігін пайдаланып, өзінің арам пиғылын іске асыруға тырысатындар да жеткілікті. Дінге бет бұрып құран, намаз оқуды жаңадан үйреніп келе жатқан жастар бағыт-бағдарды кімнен алады? Жастар құран мен намазды мешіт имамдарынан емес, ғаламтордан үйренуді неге жөн санайды?

Қарап отырсақ, цифрландыру жүйесі дінді де айналып өтпегені байқалады. Ғаламтор арқылы құран және намаз оқу, дәрет алу, дін туралы ілім, діни салт-дәстүр және басқа да дінге қатысты ақпаратты оңай табуға болады. Интернет желісі арқылы діни ақпарат алу үшін бар болғаны іздеу жүйесіне өзіңізді қызықтыратын сұрақты қойсаңыз

жеткілікті. Ал, ғаламтор ары қарай сіздің іздеген сұрағыңыздың бірнеше жауабын шығарып береді.

Діни білімін жетілдіргісі келген баланы жетектеп медресеге, я болмаса мешіт имамынан білім алуға ертіп баруға ата мен ана уақыт таппайды. Ал, баласы радикалды діни ағымның жетегіне ерген кезде өзгені кінәлі санайды.

«Білмесеңдер, білім иелерінен сұраңдар!»

Жастардың санасына жат ағымның оңай әсер ететіні анық. Жастардың радикалды діни ағымның жетегіне тез еруінің бірнеше себебін зерделеп көрдік.

Дәстүрлі емес жат діни ағымның жетегінде кетудің басты себебі – ол адамның діни сауатсыздығы. Олай дейтініміз, діни білім алмаған адам, ілімді өз бетінше ғаламтор арқылы іздейді. Дінге шала сауатпен келген жас жеткіншек өзінің қалай адасқанын аңғармай қалады. Өйткені, білімсіз адамның аңғал, көңгіш, сенгіш, еліктегіш келетінін олар жақсы біледі. Ал, мұсылман дінінде білімнің маңыздылығы ерекше екенін ұмытпағанымыз жөн.

Оған дәлел, Құранның ең алғашқы түскен аяты да «Оқы» деумен басталады. Құран Кәрімде «Білмесеңдер, білім иелерінен сұраңдар» деп жазылған.

Сонымен қатар, әлеуметтік желілер мен видеохостингтерде өндірілетін және таратылатын түсініксіз әрі жат діни ағымды насихаттайтын таралымдардың тым көптігіне байланысты. Олар өздерінің түсірген бейне көріністері немесе ақпараттарына «лайк» және қоңыраушаларды басқан адамдардың сеніміне кіруге тырысады. Сөйтіп, желі қолданушыларына бірегей, ерекше және сирек кадрларды, пікірлерді, әзілдерді, өзгеше контенттерді ұсынады, осындай арбаушылардың парақшасына жазылудың салдары жастарды адастыратыны хақ.

Ал, екінші себеп, қазіргі интернет пен әлеуметтік желілердегі тыйым салынған уағызшылардың уағыздары, экстремистік сайттардың еркін қолжетімділігі де жастарды жарға жығуға итермелейді. Қарап отырсаңыз, мектеп қабырғасын аттаған баланың қолына ұялы телефон әперіп, интернетке емін-еркін кіріп, өзінің қалағанын көруге жағдай жасап қойғанбыз.

(Соңы 3-бетте)



МЕДИАЦИЯ
ХАЛЫҚҚА ҚЫЗМЕТ ЕТЕДІ

2-бет



АЛҚАБИЛЕР СОТЫН
ЖАҢҒЫРТУ –
УАҚЫТ ТАЛАБЫ

6-бет



ТАҢҒЫ ЕЛЕС

8-бет

СӘТІ ТҮСКЕН СҰХБАТ

Мейрамбек ПАЗЫЛБЕКОВ,
«Halyk Balyk» компаниясы
директорының орынбасары:

«БАЛЫҚҚА ҰЛТТЫҚ БАЙЛЫҚ РЕТІНДЕ ҚАРАЙ АЛМАЙ КЕЛЕМІЗ»

Еліміздегі балық шаруашылығының жай-күйі жақында Үкімет отырысында арнайы талқыланып, салаға жауапты мамандар өз жұмыстарының есебін берді. Алайда, онда қордаланған мәселені шешуге қатысты нақты ұсыныс аз болды. Сол себепті еліміздегі балық өсірумен айналысатын ең ірі шаруашылықтың бірі саналатын Алматы облысы Еңбекшіқазақ ауданындағы «Halyk Balyk» компаниясы директорының орынбасары Мейрамбек ПАЗЫЛБЕКОВ-ПЕН арнайы сұхбат құрған едік.

– Мейрамбек Жалғасбекұлы, сұхбатымызды қазақ балығы неге ұлттық байлыққа айнала алмай келе жатқанынан бастасақ...

(Соңы 5-бетте)

ПАЙЫМ

Жоғарғы Сот тарапынан қолға алынған бастамалар аз емес. Осы жобалардың көпшілігі бүгінде өз нәтижесін беріп, қоғамға тың өзгерістер әкеліп отыр. Бұл айтулы жаңашылдық 2018 жылдың 15 қаңтарынан бастау алып, республика көлемінде жүзеге асырылған болатын. Бастаманың көпшілік көңілінен шыққаны түсінікті. Себебі, жаңа өзгерістердің артында халықтың пікірі, лебізі, тілегі тұр.

ШЕШІМДІ ТҮСІНДІРУ СЕНІМДІ НЫҒАЙТАДЫ



Сот қызметінің басты тұтынушысы халық болғандықтан, Жоғарғы Сот төрағасы Жакып Асанов саланы жандандыруда заңгерлер қауымдастығымен қоса, қарапайым жұртшылықтың да пікір-ұсынысына құлақ түргені есімізде. Соның нәтижесінде сот жұмысына серпін беруге бағытталған «Сот төрелігінің жеті түйіні» серпінді бағдарламасы қабылданып, қоғамға таныстырылған еді. Жеті бағыттан тұратын бұл бағдарламаның судьялар қызметін неғұрлым ашық, қолжетімді, жедел, сапалы еткені күмәнсіз.

Осы жеті бағдардың бірі – «Сапалы нәтиже». Бұл пилоттық жоба шеңберінде сот актілерінің тараптарға түсінікті болуына айрықша мән берілді. Себебі, сот отырысына қатысқан тараптардың көпшілігі сот шешімдерінің қарапайым тілмен жазылмайтынын, сірескен заң терминдерін жетік білмейтіндерін жиі алға тартқан. Міне, соған орай сот шешімдерін түсіндіру халқымыздың сотқа деген сенімін арттыруға бағытталған және жеңіліп қалған тарапқа психологиялық жәрдем көрсетуді көздейді. Барлық тараптар бойынша заңгерлер, адвокаттар қатыса бермейді. Оны кез келген азаматтың қалтасы да көтере бермейді. Қарапайым халық заңды білмеген соң, өзінікін дұрыс деп сот шешімімен келіспей, кейбір жағдайларды мүлдем түсінбей, сотқа деген ренішін әлеуметтік желіде білдіріп, көпшілік арасында теріс пікірдің туындауына да ықпал етіп жатады. Осындай келенсіз жағдайлар тудырмау үшін, сот қабылдаған шешімнің мәнін, мағынасын, салдарын, заңды күшін, орындау міндеттілігін, әр істің санаттылығына байланысты нақты түсіндіру қажет. Жылдар бойы жүргізіліп келе

жатқан реформалардың басты алғышарты халықтың сенімін нығайтумен тығыз байланысты. Егер судьяның не айтқанын түсінбесе, шешімнің мәнін ұғынбаса азаматтардың сотқа деген күдік, күмәні көбейіп, сенімі азаятыны түсінікті. Осы ретте сот шешімдерін түсіндіру бойынша жұмыстың жолға қойылуы дер кезінде қабылданған, дұрыс қадам болды.

Бастама өз деңгейінде жүзеге асуы үшін Жоғарғы Сот тарапынан «Сот шешімі туралы» нормативтік қаулыға өзгерістер енгізілді. Нормативтік қаулыда сот шешімін дайындау бойынша нұсқаулық берілген. Сонымен бірге, судьяларға көмекші құрал ретінде республика бойынша сауатты, сапалы жазылған шешімдер іріктеліп, арнайы жинақ болып шығарылды. Сот шешімі – ресми құжат, оның заңмен көзделген құрылымы бар. Соған сәйкес, шешімді жариялағаннан кейін судья қабылдаған шешімнің мәнін, дәлелін және құқықтық салдарын түсіндіреді. Сот шешімін түсіндірудің ретін, тәртібін жолға қою мақсатында республика судьялары арасында семинар, дәрістер өткізіліп, білікті мамандар өз тәжірибесімен бөлісіп жүр.

Сот шешімдерін түсіндіру бойынша қолға алынған бастама қоғамға не берді? Бұл сұрақтың жауабы қазір айқын білініп тұр. Ең алдымен мұны әр сот процесіндегі судья мен тараптар арасында өрбитін ашық диалогтан аңғаруға болады. Шығарған шешімін қарапайым тілмен түсіндірген судья қос тараптың қойған сауалдарына жауап беру арқылы азаматтар үнін еститінін, елеусіз қалдырмайтынын көрсетеді. Сонымен бірге, пилоттық жоба бойынша түсіндіру жұмыстарын жүргізудің арқасында істерге шағым түсу пайызының азайғаны да байқалып отыр.

Осының өзі сот саласындағы өзгерістердің халық көңілінен шығып жатқанын дәлелдейді.

Назкен БАЙМАХАНОВА,
Жетісу аудандық сотының
судьясы
АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ

БІЛГЕН ЖӨН

СОТ АКТІСІ ОРЫНДАЛУЫМЕН ҚҰНДЫ

Сот жүйесі жұмысының тиімділігі көп жағдайда сот орындаушылардың өз жұмысын Қазақстан заңдарына сәйкес мүлтіксіз жүргізуіне байланысты. Себебі, атқарушылық іс жүргізудің сенімді жүйесін қалыптастыру сот билігінің беделін арттырудың негізгі белгісі. Сондықтан, бұзылған құқықтар мен заңды мүдделерді қорғауды толығымен қалпына келтіру – сот актісінің шығып, оның заңды күшіне енуіне ғана емес, оның уақытында орындалуымен өзектес.

Әділет министрінің 2015 жылғы 20 сәуірдегі №221 бұйрығымен бекітілген «Өндіріп алушының өтініші бойынша атқарушылық құжаттың негізінде атқарушылық іс жүргізуді қозғау» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты – мұндағы басты бағдар. Осы құжатқа сәйкес, көрсетілетін қызметті алушы (не нотариалдық сенімхат бойынша оның өкілі, өкілеттігін растайтын құжат бойынша - заңды тұлғаға) аумақтық әділет органдарына немесе мемлекеттік корпорацияға жүгінген кезде мемлекеттік қызмет көрсету үшін мынадай құжаттарды тапсыруы тиіс: аталған стандарт қосымшасына сәйкес нысан бойынша өтініш; мемлекеттік қызметті көрсету үшін жүгіну негізіне қарай судьяның қолымен және соттың мөрмен расталған, заңды күшіне енгені туралы белгісі бар сот актісінің көшірмесімен қоса сот актісі негізінде берілетін атқарушылық парақ; Қазақстанның азаматтық процесітік заңнамасына сәйкес берілген сот бұйрығы; судьяның қолымен және соттың мөрмен расталған, заңды

күшіне енгені туралы белгісі бар сот актісінің көшірмесімен қоса Қазақстан аумағында халықаралық, шетелдік соттардың және төреліктердің шешімдерін мәжбүрлеп орындату туралы сот актілерінің негізінде берілетін атқарушылық парақтар секілді атқарушылық құжаттардың бірін ұсынуы керек.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін ұсынған құжаттардың және олардағы деректердің (мәліметтердің) анық еместігі анықталған, сондай-ақ, мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті ұсынылған материалдардың, объектілердің, деректердің және мәліметтердің «Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» заңның 38-бабымен белгіленген талапқа сәйкес келмеген жағдайда мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тартылады.

Жандос БОСТАН,
Атқарушылық өндірісті
қамтамасыз ету бөлімінің
жетекші маманы
ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ

БІТІМ

ҚҰҚЫҚ

МЕДИАЦИЯ ХАЛЫҚҚА ҚЫЗМЕТ ЕТЕДІ

Медиаторлар – дауды бейбіт шешуші, екі тарапты татуластырушы. Медиаторлар шоғырының қалыптасып, оларды танытуда, біліктілігін көтеруде сот тарапынан аз жұмыс жасалған жоқ. 2011 жылы «Медияция туралы» заң қабылданғанда халық медиацияның не екенін, медиаторлардың немен айналысатынын білмеді. Ол туралы тіпті түсінік болмады.

Міне осы сәтте Жоғарғы Соттың бастамасымен «Медияция туралы» заңның артықшылығын түсіндіру бойынша ауқымды жұмыстар жүргізілді. Бұл іс-шараға республиканың судьялар корпусы тұтастай атсалысты. Облыстық, қалалық, аудандық соттар өз ғимараттарынан арнайы бөлме ашып, медиаторлардың қызметке кірісуіне қолдау білдірді. Арнайы бөлме бөлуге мүмкіндік болмаған соттарда медиация бұрыштары жасакталды. Заңның негізгі баптары, медиаторлардың мүмкіндігі туралы жазылған ақпараттар сот ғимаратының көрнекі жерлеріне ілінді. Сонымен бірге, әрбір сот медиаторлар тізімін жасап, олардың танылуына ықпал етті.

Соттар өңірлердегі белгілі, сөзі өтімді, ел сыйлайтын азаматтар арасынан кәсіби емес медиаторлар легін қалыптастыруға белсенді қызмет етті. Соның арқасында аудандарда ақсақалдар алқасы, Билер кеңесі тұрақты жұмыс істеп келеді.

Соттардың ұйытқы болуымен көптеген меморандумдарға қол қойылды. Осылайша медиацияны насихаттау, медиаторлар жұмысын жандандыру ісіне әкімдіктер, ассамблея, кәсіподақ ұйымдары, кәсіпкерлер палатасы тартылды. Мұның барлығы

бітімгершілік институтының жандануына көмектесті. Сауатты жоспар, кешенді шаралардың нәтижесінде медиацияның қолдану аясын кеңейтуге қатысты заңнамалық өзгерістер орын алып, тың жобалар көпшілікке жол тартты. Соның бірі Жоғарғы Соттың бастамашылығымен тәжірибеге енгізілген «Татуластыру: сотқа дейін, сотта» пилоттық жобасы. Бұл жоба «Сот төрелігінің жеті түйіні» деп аталатын кең ауқымды бағдарламаның бір бөлігі болатын.

Медияцияны бұдан кейін де жандандыру үшін насихат жұмыстары бір сәт те бесендемеуі керек. Әсіресе, медиаторлардың жұмысы туралы кең көлемді ақпарат беріп, жанашырлық тұрғысынан жарнамалап отыру артықтық етпейді. Өйткені, мұндай істің артында медиаторлардан бұрын тараптарға деген жанашырлықтың жататына анық. Медиацияда ең алдымен тараптарды татуластыру, сол арқылы азаматтардың уақыты мен қаржысын үнемдеу, жол әуресінен құтқару, жүйкесін сақтау, жұмысындағы берекесіздіктен құтқару сынды ізгі мақсаттар тұрады.

Сондықтан медиация сотқа дейінгі тәртіпте және сот үдерісінде азаматтық, еңбек, отбасы және басқа құқықтық қатынастардан туындайтын

БАҒДАР

ХАТТАМА ДАЙЫНДАУДЫҢ ТӘРТІБІ ҚАНДАЙ?

Басты сот талқылауы кезінде сот отырысының хатшысы хаттама жүргізеді. Хаттама компьютерлік, электрондық (дыбыс, бейне түсіруді қоса алғанда), машинада жазу не қолмен жазу тәсілімен жасалады.

Егер сот талқылауына дыбыс, бейнежазба қолданылмаған болса, қағаз жеткізгіште дайындалған хаттамада: басты сот талқылауының күні мен қала немесе ауыл атауы, оның басталу және аяқталу уақыты; қандай іс қаралып жатқаны; соттың атауы мен құрамы, хатшы, аудармашы, мемлекеттік айыптаушы, қорғаушы, сотталушы, сондай-ақ жәбірленуші, азаматтық талапкер, азаматтық жауапкер және олардың өкілдері, сот шақырған басқа да адамдар жазылады. Сонымен бірге, сотталушының жеке басы туралы деректер және бұлтартпау шарасы; соттың жүргізілген реттік әрекеттері; іске қатысатын адамдардың арыздары, қарсылықтары және өтінішхаттары; соттың кеңесу бөлмесіне бармай шығарған қаулылары; қаулылардың кеңесу бөлмесінде шығарылуына нұсқаулар көрсетілуі керек. Сондай-ақ, хаттамада – іске қатысатын адамдарға олардың құқықтары мен міндеттерінің түсіндірілгені; айғақтардың егжей-тегжейлі мазмұны; жауап алуға қатысқан адамдардың сот бөлген немесе жауап алынатын адам жауап беруден бас тартқан сұрақтары; сарапшыға қойылған сұрақтар және оның жауаптары; сот отырысында жүргізілген қарап-тексерулердің және дәлелдемелерді зерттеу жөніндегі басқа әрекеттердің нәтижелері; азаптаудың, зорлық-зомбылықтың, өзге де қатыгез немесе адами қадыр-қасиетті қорлайтын қарым-қатынастың қолданылғаны туралы арыздарды қарау нәтижелері және оларды зерттеу процесі толық көрініс табады.

Бұдан бөлек, іске қатысатын адамдар хаттамада куәландыруды өтінген фактілерді нұсқау; тараптардың сот жарыссөзінде сөйлеген сөздерінің және сотталушының соңғы сөзінің негізгі мазмұны үкімнің, қаулының,

жеке қаулының жарияланғаны және оған шағым жасау тәртібі мен мерзімі түсіндірілгені туралы белгі көрсетіледі.

Айғақтар бірінші жақтан және мүмкіндігінше сөзбе-сөз жазылады, сұрақтар мен оларға жауаптар жауап алу кезінде орын алған жүйелілік бойынша жазылады. Бұған қоса, хаттамада, егер сотты құрметтемеушілік орын алған болса, оны куәландыратын фактілер және тәртіп бұзушының жеке басы мен соттың тәртіп бұзушыға қатысты қолданған ықпал ету шаралары туралы да көрсетіледі.

Хаттама сот отырысы аяқталғаннан кейін – бес тәуліктен, ал көп эпизодты істер және алқабилердің қатысуымен қаралған істер бойынша он тәуліктен кешіктірілмей жасалып, оған төрағалық етуші мен хатшы қол қоюға тиіс. Сот талқылауы барысында хаттама бөліп-бөліп жасалуы мүмкін, оларға, сондай-ақ тұтас хаттамаға сот отырысына төрағалық етуші мен хатшы қол қояды. Тараптардың өтінішхаты бойынша хаттаманың дайын болған бөлігі дайын болуына қарай беріледі.

Сот талқылауының қағаз жеткізгіште дайындалған хаттамасының дұрыс жазылуы туралы сот отырысының төрағалық етушісі мен хатшысының арасында келіспеушілік болған кезде, соңғысы өзінің қарсылықтарын жазбаша түрде сот отырысы барысында жасалған жазбалармен, оның ішінде, сот отырысының дыбыс, бейне жазбаларымен бірге хаттамаға қоса беруге құқылы.

Төрағалық етуші тараптарға басты сот талқылауының хаттамасы дайындалғаны туралы хабарлауға және олардың құжатпен және дыбыс, бейнежазба материалдарымен танысу мүмкіндігін қамтамасыз етуге міндетті.

Басты сот талқылауында жауап алынған адам хаттамадағы және дыбыс, бейнежазба материалдарындағы өз айғақтарының жазбасымен таныстыру жөнінде өтінішхат беруге құқылы. Мұндай мүмкіндік өтінішхат мәлімделгеннен кейінгі күннен кешіктірілмей беріледі.

дауларда (шиеленістерде); жеңіл және орташа ауыр қылмыс туралы істер бойынша қылмыстық сот ісі барысында қарастырылатын дауларда қолданылатынын ұмытпауымыз керек.

Медияция барысында тараптар мен медиатор басшылыққа алатын қағидалар бар. Оның біріншісі – еріктілік. Тараптардың және медиатордың өзара ерікті еркін білдіруі медиация үдерісіне қатысудың шарты болып табылады.

Екіншісі – медиация тараптарының тең құқылығы. Медиация тараптары медиаторды, медиация тәртібін, ондағы өз ұстанымын, оны қорғаудың әдістері мен құралдарын тандауда, ақпаратты алғанда, дауды реттеу туралы келісімнің шарттарын бағалауда тең құқықтарға ие. Сәйкесінше оларға жүктелер міндет те бірдей. Үшіншісі – медиатордың тәуелсіздігі және бейтараптығы. Медиацияны жүргізген кезде медиатор тараптарға, мемлекеттік органдарға, басқа заңды, лауазымды және жеке тұлғаларға тәуелді болмайды. Төртіншісі – құпиялылық. Медиация қатысушыларының медиация барысында оларға мәлім болған мәліметтерді сол ақпаратты берген медиация тарапының жазбаша рұқсатынсыз жариялауға құқысы жоқ. Осындай артықшылығының өзі медиацияның халық игілігіне қызмет ететінін, «Медияция туралы» заң халықтық заң екенін дәлелдейді.

Ерлан ТОҚБОЛАТОВ,
Бостандық аудандық сотының
судьясы
АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ



Айнұр САКЕНОВА,
Алакөл ауданы №2 сотының
бас маманы - сот отырысының
хатшысы

Сот тараптардың немесе осы баптың жетінші бөлігінде көрсетілген адамдардың өтінішхаты бойынша сот отырысының төрағалық етушісі мен хатшысының электрондық цифрлық қолтаңбасымен куәландырылған электрондық құжат нысанындағы хаттаманы ұсынуға міндетті.

Сот отырысы барысын түсіріп алу дыбыс, бейнежазба құралдарының көмегімен жүзеге асырылады. Оны сот отырысының хатшысы жүзеге асырады. Жабдықтардың техникалық ақауы болған, жабдықтар болмаған немесе техникалық себептерге байланысты оны қолдану мүмкін болмаған жағдайда сот отырысын дыбыс, бейнежазба құралдарының көмегімен түсіру жүзеге асырылмайды. Құралдарды пайдалану мүмкіндігінің болмауы сот отырысын жалғастыруға кедергі келтірмейді. Жазба құралдарын пайдалану мүмкін болмаған жағдайда сот отырысының хатшысы сот отырысының хаттамасында себепті міндетті түрде көрсете отырып бұл туралы сотқа баяндайды. Істі талқылауды жазба құралдарын пайдалану арқылы түсіріп алған жағдайда, сот отырысының хатшысы жазбаша нысанда қысқаша хаттама жасайды. Сот отырысының қысқаша хаттамасына төрағалық етуші және хатшы қол қояды. Дыбыс, бейнежазбаны қамтитын материалдық жеткізгіш пен сот отырысының қысқаша хаттамасы іс материалдарына қоса тіркеледі.

Сот отырысы хаттамасының қысқаша түрін әзірлеу сот қызметкерлеріне жүктелген міндеттерді жеңілдетуге жағдай жасады. Яғни, сот отырысы хаттамасының қысқаша нұсқада әзірленуі, бірінші кезекте азаматтар құқығының тез әрі толық жүзеге асырылуына ықпалын тигізеді.

ЖЕТИСУ ОБЛЫСЫ

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

БАСПАНА БАСТЫ МӘСЕЛЕГЕ АЙНАЛЫП ТҰР

(Соңы. Басы 1-бетте)

Жалпы, тұрғын үй құрылысы – халықтың тұрғын үйге ғана емес, жұмыс орындарына да қажеттіліктерін қамтамасыз ете отырып, экономикалық өсу мен іскерлік белсенділікті ынталандыратыны белгілі. Сондықтан құрылыс саласының өсу қарқынын сақтау ұлттық экономиканың дамуы мен бәсекеге қабілеттілігін арттыруға тікелей ықпал етеді. Қазақстанда жалпы ішкі өнімдегі құрылыстың үлесі 6 пайыздан сәл асады. Сонымен бірге БҰҰ Еуропалық экономикалық комиссиясының мәліметі бойынша 2010 жылы бізде бұл көрсеткіш 8 пайыз деңгейінде ғана болған. Әзірбайжан мен Армения сияқты ТМД елдерінен, сондай-ақ, Балтық жағалауы елдері – Литва мен Эстониядан да артта қалыппыз.

Жалпы, еліміздің құрылыс секторында 637 мыңнан астам адам жұмыс істейді. Бұл ел экономикасының нақты секторындағы жұмыспен қамтылғандардың шамамен 17,5 пайызы. Десе де, тұрғын үй құрылысына 2021 жылы 2,4 трлн теңге инвестиция тартуға мүмкіндік беріпті, бұл 2020 жылғы деңгейден 19,1 пайызға артық. Бірақ бұл көріп отырғанымыздай тұрғын үй құрылысы саласын тежейтін жүйелі мәселелер мен кедергілерді жоюға қауқарсыз. Бұл сала табыс әкеліп, баспанаға қолжетімділікті арттыруы үшін кешенді шаралар жүйелі түрде жүзеге асырылуы керек. Жиында бұған сенатор Серік Шайдаров кеңінен тоқталған еді.

Серік Жаманқұлұлының айтуынша, жалпы құрылыс сапасы төмен. Ал, бұл мәселені уәкілетті орган цифр-

ландыру арқылы шешуге тырысуда. Бірақ «Е-Құрылыс» сияқты ақпараттық жүйелер тек бұзушылықтарды тіркейді, ақауларды азайтуға және оларды жоюға, сондай-ақ, салынған объектілердің сапасын жақсартуға ықпал етпейді. Мысалы Алматы қаласының Зерделі шағын ауданында сапасыз құрылысқа байланысты қазіргі уақытта халықтың әлеуметтік осал топтарының ішінен 108 адамға арналған екі апатты үй бұзылып жатыр. Оған құрылысқа жұмсалғаннан екі еседен астам қаражат, 1,4 млрд теңге бөлініпті.

Мұндай жағдайға жол бермес үшін, үкімет инженерлік персоналды сертификаттау және жобалау кезеңінен бастап, құрылыс аяқталғанға дейін құрылыс компанияларын аккредиттеу арқылы құрылыста бақылау жүйесін жетілдіру керек.

Екіншіден, құрылыс саласындағы мемлекеттік сатып алу тетігі жетілмеген. Бүгінгі таңда, бір компания елдің әртүрлі аймақтарындағы бірнеше конкурстардың жеңімпазы ретінде анықталуы мүмкін. Бұл жағдайда жұмыстың көп бөлігі кейіннен қосалқы мердігерлікке, кейде көп сатылы қосалқы мердігерлікке беріледі. Осындай тәжірибе мердігерлердің келісімшарттық міндеттемелерін орындамауына, құрылыс сапасының төмендеуіне, сондай-ақ, бір қосалқы мердігерден екіншісіне бағаның өсуіне әкеледі. Осыған байланысты, объектілер консервацияланады, ішінара талданады және оларды аяқтауға немесе қалпына келтіруге қосымша қаражат талап етеді. Сондықтан, Үкімет адами факторды барынша жойып, мемлекеттік сатып алу порталында

материалдық-техникалық және еңбек ресурстарын ескере отырып, бір компанияның конкурстарына қатысуға және жеңуге автоматтандырылған лимиттерді белгілеу арқылы цифрландыруды тереңдетуі қажет.

Үшіншіден, құрылыс салу ісі қымбаттап барады. Есеп комитетінің мәліметінше, құрылыс материалдары құрылыс нысандарының сметасында тұрғын үй құнының 65 пайызына тең. Сондықтан нарықтағы кез келген ауытқу, жеке құрылыс индустриясының дамуы құрылыс құнына ғана емес, жалпы тұрғын үй құрылысының қарқынына да тікелей әсер етеді. «Қазиндустрия» АҚ-ның деректері бойынша елдің құрылыс материалдарын өндіру саласының құрылымы айқын шикізат бағытына ие. Қазақстанда жоғары дәрежелі қайта өңдеу өнімдерін өндіретін кәсіпорындар жеткіліксіз. Ұлттық статистика бюросының деректеріне сәйкес, 18 негізгі құрылыс материалдары бойынша импорттың үлесі 50 пайыздан асады. Ал негізінде Қазақстанда өндірістік қуаттылығы мен жергілікті шикізаты бар өнімдерді «орташа қайта бөлу» импортын алмастыру бойынша әлеует бар. Сондықтан уәкілетті мемлекеттік органның алдында құрылыс материалдарын өндіруді үдемелі дамыту міндеті тұр.

Тұрғын үйге мұқтаж халықтың әлеуметтік осал топтарын айқындау жөніндегі тәсілдерді қайта қарау қажет. Себебі, жақында ғана «толық емес отбасыларды» «Бақытты отбасы» бағдарламасынан шығару мәселесі көтерілді. Мұндай шешім бірнеше себептерге байланысты қабылданды.

Олардың ішіндегі ең бастысы, Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі өкілдерінің пікірінше, мемлекеттен қолдау алу мақсатында 2019–2020 жылдары жалған ажырасулардың екі есе ұлғаюы. Мүмкін, бұл жерде шындық бар шығар. Алайда, бүгінде 148 мыңнан астам толық емес отбасы баспанаға мұқтаж екені ескерілу керек, оның 60 пайызы күнкөріс деңгейінен төмен табысы барлар екені ұмытылмауы тиіс. Мұндай отбасылардың көпшілігі үшін жылдық 5 пайыз несиелік тұрғын үй алу өте ауыр болады. Сондықтан, уәкілетті мемлекеттік органдар осы мәселені жан-жақты зерделеп, нақты мұқтаж толық емес отбасылар үшін жылдық 2 пайызбен – кредиттік тұрғын үй алу тетігін, соның ішінде халықтың осы санатын тұрғын үймен қамтамасыз ету жөніндегі қолданыстағы бағдарламаларға өзгерістер енгізу керек.

Ауылдық жерлерде тұрғын үймен қамтамасыз ету жөніндегі бағдарламалардың болмауы да өзекті мәселенің бірі. Ауылдық жерлердің бір тұрғынына жалпы ауданы 19,8 м2 болатын тұрғын үй жайлары келеді. Ал қалалықта бұл көрсеткіш 25,5 м2, яғни 1,3 есе көп. Бұл ретте мұндай алшақтық тек ұлғаятын болады. Өйткені, бүгінде халықты тұрғын үймен қамтамасыз ету жөніндегі бағдарламалық құжаттарда ауылдық жерлерде тұрғын үй құрылысын дамыту жөніндегі бағыттар жоқ.

Сол секілді бос жер учаскелерінің тапшылығы да баспана тапшылығының бір себебі. Миллиондық қалалар қажетті инфрақұрылым, инженерлік және коммуналдық қызметтер үшін қажет бос жер учаскелерінің сарқылу проблемасына тап болуы мүмкін. Мұндай мәселе бүгінде Алматы қаласына тән, онда тұрғын үйдің көп салынуына орай мектептер, балабақшалар мен емханалар құрылысының қарқыны 3 есе артта қалып отыр. Осындай жағдай елордада да қалыптасқан. Бас қалада әлеуметтік нысандардың жетіспеуіне байланысты ағымдағы оқу жылының басында мектептердің бірінде 18 бірінші сынып тобы қабылданды.

Ал, Сенаттың Экономикалық саясат, инновациялық даму және кәсіпкерлік комитетінің төрағасы Дәурен Әділбеков ипотекалық бағдарламалардың қолжетімсіздігін орынды сынады. Расында

бүгінде мемлекеттік бағдарламалардың болуына қарамастан, тұрғындардың өз баспаналарын сатып алуға шамасы келмейді. Өйткені, банктердің сыйақы мөлшерлемесі жоғары. Мәселен, «Отбасы банкі» АҚ-да жылдық 3,5-7 пайыздан 19 пайызға дейін, тіпті одан да артық. Еуропадағы ипотекалық бағдарламалар үй шаруашылықтарына халықтың орташа табысының есебімен несие береді. Мәселен, мұндай қарыздардың өсімақысы АҚШ-та – 3,6 пайыз, Австралияда – 4,9 пайыз. Ал, біздегі ең танымал «7-20-25» бағдарламасының да шарттары баспанаға мұқтаж жандарға қолайсыз болып отыр. Бұл бағдарлама тұрғын үй құнының төменгі шегіне және тек бастапқы нарыққа бағытталды. Онымен қайталама нарықта баспанаға қол жеткізу мүмкін емес. Бұл таңдауды айтарлықтай шектейді.

Өзге де сөз алған сенаторлар саланың өзекті мәселелерін көтерді. Олардың ортаға салған пікірлерінен түйгеніміз, үкімет, құрылыс көлемін ұлғайту қажет. Бұл ретте мемлекеттік қолдау шараларының тиімділігі мен мақсаттылығын арттыру ерекше маңызға ие. Сонымен қатар, құрылыс материалдарының импортын қысқарту қажет. Бұл үшін отандық құрылыс өнімдерін өндіру нарығын дамытуға күш салынғаны жөн. Әсіресе, геосаяси тұрақсыздықтың күшеюі және сауданың дәстүрлі логистикалық тізбектерінің бұзылуы ерекше назарда болу керек.

Ескірген тұрғын үй қоры да мәселенің бір парасы. Өйткені, бүгінде үйлердің 31 пайызы 1970 жылға дейін салынып, пайдалану мерзімі 50 жылдан асқан үйлер. Әлемдік тәжірибені ескере отырып, барлық өңірлерде әлеуметтік несие және жалға берілетін тұрғын үй құрылысының қарқынын арттыру үшін мемлекеттік жекеменшік әріптестік тетігін пайдалану мүмкіндігін бағалау да өткір тұр. «Әлеуметтік тұрғын үй» ұғымын енгізу, халықты тұрғын үймен қамтамасыз ету, оның ішінде халықтың әлеуметтік осал топтары үшін тұрғын үй құнының 50 пайызын субсидиялау, сондай-ақ, тұрғын үй талондарын енгізу де баспана қолжетімділігін арттыруға ықпал ететіні ұмытылмау керек.

Айша ҚҰРМАНҒАЛИ,
«Заң газеті»

САРАП

ЖАСТАР ТЕРІС АҒЫМДАРҒА НЕГЕ ҮЙІР?

(Соңы. Басы 1-бетте)

Әлеуметтік желіде жарияланған осындай мәліметтер мен бейнекөрсетілімдер арасында жиһадқа шақыратын, билікке қарсы қоятын ақпараттар да баршылық. Қатарынан қалмасын деп балаңызға ұялы телефон алып бергеннен кейін, оның күнделікті көретін ақпаратынан да хабардар болып отыру керек.

Үшінші себеп, отбасындағы тәрбие. Қазіргі таңда, күнкөрістің қамымен ата-ана баласын жалғыз қараусыз қалдырып, таң атып, күн батқанша жұмыста жүреді. Ал, кейбіреулері балаларын туыстарына қалдырып жұмыс жасау үшін өзге елге кетеді. Ата-ана мейіріміне, тәрбиеге мұқтаж бала жылулықты көшеден іздейтіні белгілі. Пайғамбарымыз (с.а.у) бір хадисінде былай дейді: «Өкенең баласына қалдырған ең үлкен мұрасы – оның жақсы тәрбиесі».

Төртінші себеп, әлеуметтік жағдайдың нашарлығы және жұмыссыздық. Жағдайы төмен немесе жұмыс іздеп сенделіп жүрген жастар әлеуметтік желідегі әртүрлі жарнамаларға тез сенеді. «Тұрмыстың тапшылығы тауқыметінен жаман» демекші, лаңкестік идеологияға бой алдырған адамдардың біразының тұрақты жұмыс орны жоқ. Олардың басым бөлігінің баспанасы да жоқ, тұрмыстық деңгейі де төмен. Жұмыссыздықтан шаршаған адам айналасындағылардан көмек сұрайды. Осындай оңтайлы сәтті жат ағым өкілдері өз пайдасына асырып, қаржыдан қысылған адамға көмек қолын созып өздерінің айтқанын жасауына мәжбүрлейді.

Бесіншіден, психологиялық күйзеліске ұшыраған адам да жат діни ағымның жетегіне тез еріп кетеді. Себебі, қоғамнан шеттеп қалған жастар өздеріне жақын жандарды жат санап, өзіне жылы сөйлеген бейтаныс адамды жақын тартады. Арбаушылар әлеуметтік желі және сөйлесу арқылы психологиялық күйзеліске ұшыраған адамның сеніміне кіріп, онын санасын улай бастайды.

Алтыншыдан, жастардың радикалды діни ағымның жетегінде кетуіне жұмыс орны мен оның араласатын ортасы да әсер етеді. Қарап отырсаңыз, дәстүрлі емес діни ағымдардың мүшелері

мемлекеттің жұмысынан бас тартып, сауда-саттықты берекесі бар, сүннет амалдардың біріне балап, көпшілігі жеке кәсіппен айналысады. Деструктивті теріс пиғылды жат ағымның жетегінде жүрген азаматтардың арасында да кәсіптің көзін тапқан, материалдық жағдайы жақсы, қалтасы қалың азаматтар бар. Олар сауда-саттық орталықтардан бірнеше дүкен ашып, оған жұмыссыз жүрген жастарды тарта бастайды. Әрине, олар

жұмысқа өзінің пікірімен пікірлес, діни көзқарасы сәйкес келетін сенімді адамдарды іздейді. Не болмаса, діни сауаты жоқ жастарды қарамағына тартып, оларға діни үгіт-насихат жүргізіп, қатарын толықтыра түседі.

Жетіншіден, шетелдегі заңсыз оқу орындарында білім алу да жастарды адастырады. Себебі, еліміз тәуелсіздігін алып, қанатын кеңге жая бастағанда жастарымыздың басым бөлігі діни

білім алу үшін шетелге кетті. Ол жылдары елімізде сауатты діни білім беретін оқу орындарын ажырату оңай болмады. Шетелдің діни білім беретін оқу орындарына мұқтаждық азайды десек артық айтқандығымыз емес. Дегенмен, шетелде діни білім алып, елге оралып, абыройлы қызмет жасап жүргендерді де жоққа шығара алмаймыз.

Жастардың бойындағы патриоттық және дәстүрлі дінге деген сезімді қалыптастыру қажет. Қазақтың байырғы құндылығын, салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын түсінбейтін жастар жат ағымның жетегіне тез ереді. Сондықтан, әрбір ата-ана баласына жастайынан қазақтың салт-дәстүрін, ұлттық құндылығын, әдет-ғұрпын үйретсе нұр үстіне нұр болар еді.

Раушан НАРБЕК
ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ

МАМАН ПІКІРІ:

– Бұл тақырып бүгінгі күннің өзекті мәселесі деп есептеймін. Өйткені, халық аталған материалға мұқтаж. Қоғамның қажеттілігіне орай осындай тақырыптағы материалдар жарыққа шығатын болса, діни сауаттылыққа жол ашылар еді. Жастар – ұлт үмітін арқалаған ел ертеңі. Үміт пен сенімді ақтау сол буынның парызы. Сол себептен де жастар қазіргі қоғамның жетекші күші ретінде еліміздің дамуы үшін жауапты екені мәлім.

«Жүре берсең, көре бересің» дегендей, осы күндері жасына жетпей ата сақалы беліне түсетіндерді де, арнайы діни сауат алмаған жас-жас басымен уағыз айтатындары да көріп жүрміз. Тіпті, әйелдер де елге уағыз айта бастады. Әсіресе, бүгінгі күні ғаламтор беттерінде және әлеуметтік желілерде уағызшылардың саны көбейді. Олардың айтқан насихат мәселесіне қарасақ, Отан, ұлттық құндылықтар деген сөз жоқ. Тек бір дінмен шектеледі. Қазір осындай дінге қатысы жоқ дүмше білгіштер дінді насихат көзіне айналдырып жсіберді. Мұның ар жағында озбыр саясат тұруы әбден мүмкін.

Нұрәулет АШИРБАЕВ,
Шымкент қаласы және Түркістан облысына қарасты ҚАЖД бойынша
Келес аудандық пробация қызметінің бастығы, әділет майоры:

– Радикалды діни ағымның жетегіне еріп, өзінің қателігін кеш түсінгендер жетерлік. Деструктивті ағымдардан сақтану қажет. Дін дегеніміз өте күрделі. Ол туралы ақпаратты кез келген орындардан, сонымен қатар, руқсат етілген кітаптар мен сайттардан алған дұрыс. Және де еліктіру жолдары әлеуметтік желілерде тез таралады, оны дін жолына аяқ басқан жастарымыз осы дұрыс екен деп қабылдайды. Сондықтан діни секталардың құрбанына айналмас үшін, діни білімімізді арнайы оқу орындарынан және діни орталықтан сұрап жетілдіруімізге болады. Қазіргі таңда Келес аудандық пробация қызметінің есебінде екі сотталған әлеуметтік желі арқылы теріс діни ағымды өзгелерге таратқаны үшін бас бостандығынан шектеу жазасына тартылып, сот жүктеген міндетті орындауда. Теріс діни ағымды насихаттаған адамдар ҚР ҚК 147-бабы бойынша жазаға тартылатынын естен шығармаса екен.

Сондай-ақ, дәстүрлі дінге қайшы ағымдарды қоғамда деструктивті немесе теріс пиғылды діни ағымдар деп атайды. Яғни, «деструктивті» деген сөз латын тілінен «құлату», «қалыптасқан жүйені бұзу» деген мағынаны білдіреді. Жалпы айтсақ, діннің атын жамылған жас ағымдардың немесе топтардың мүшелері діни сауаты төмен, әлеуметтік тұрмысы нашар жастарымыздың өз қармақтарына түсіру үшін өздерін ақиқат жолын дағы шынайы діндарлар етіп көрсетіп, Отанына, отбасына және ата-бабамыз ғасырлар бойы дәріптеген дәстүрлі дінімізге, қалыптасқан салт-дәстүрімізге күдік келтіріп, қарсы қояды. Осындай дінді теріс бағытта насихаттайтындардан сақ болыңыздар.



ӨМІРІ КӨПКЕ ҮЛГІ



Қандай қоғам үшін болсын жоғары бағалануы тиіс құндылықтардың бірі – ұрпақтар сабақтастығы. Себебі, «Өткенсіз – бүгін жоқ, бүгінсіз – ертең жоқ» демекші, жас ұрпақ кешегі өткеніміздің жақсы тұстарынан үйреніп, жаман тұстарынан жиреніп, өздеріне дұрыс қорытынды жасап отырса бағыты да анық, жолы да оң болатыны белгілі. Құқықтық, демократиялық мемлекет құрып жатқан еліміз үшін мемлекеттік қызмет, заңдылық мәселелері өте маңызды. Осындай маңызды салаларда мемлекет алдында аянбай қызмет жасап, көптің көңілінен шығып жүрген жандардың өмірі барлығымыз үшін үлгі-өнеге. Сондай жандардың бірі – Р.Ташева.

Ташева Раиса Сұлтанқызы 1959 жылы 13 маусымда Мұғалжар ауданында дүниеге келген. Сот жүйесіндегі еңбек жолын алғаш рет 1984 жылы сот мәжілісінің хатшысы қызметінен бастаған. Содан кейін 1996 жылға дейін сот орындаушысы, 1996–2009 жылдар аралығында сот мәжілісінің

хатшысы, 2009–2017 жылдар аралығында Алға аудандық сотының кеңсе меңгерушісі болып, жалпы есептегенде 35 жыл бір мекемеде қызмет атқарған. Осы жылдар ішінде Р.Сұлтанқызы ұйымдастырушылық қабілеті жоғары басшы, білікті заңгер жұмыстан тыс уақытта қарапайым әрі зор адамгершілік қасиеттерге ие адам ретінде көпшілікке танылды.

Ұзақ жылдар бойына жасаған адал да қажырлы еңбегі басшылық тарапынан ескеріліп, түрлі құрмет пен марапаттарға ие болды. Атап айтқанда, «Қазақстан Конституциясына 10 жыл» мерекелік медалімен және ҚР Жоғарғы Сотының жанындағы Соттардың қызметін қамтамасыз ету департаментінің (ҚР Жоғарғы Сотының аппараты) III дәрежелі «Мінсіз қызметі үшін» медалімен марапатталған. Облыстық сот төрағасы мен облыстық сот кеңсесі басшысының, аудан әкімінің және басқа да басшылардың берген марапаттары да аз емес. Осындай абыройлы марапаттарымен зейнетке шығып, отағасымен бірге ұл-қыздарын тәрбиелеп, немерелер сүйіп отыр.

Ата-анасының тәрбиесін көрген балалары да қоғамның әр салаларында қызмет етуде. Мемлекеттік қызмет саласында ұрпақтар сабақтастығын жалғап, абыроймен жұмыс жасап жүрген жандардың еңбек жолдары мен өмір жолдары кейінгі жас ұрпақ үшін әрқашан үлгі.

Р.КУЛМАГАМБЕТОВА,
Алға аудандық
сотының кеңсе меңгерушісі
АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ

ЖЕГІҚҰРТ

Қазіргі уақытта сыбайлас жемқорлық азаматтардың өмір сүру деңгейі мен әл-ауқатына тікелей әсер ететін қоғамның негізгі проблемаларының бірі. Әлемдегі бірде-бір мемлекет сыбайлас жемқорлықты толығымен жоғалтқан жоқ, тек оның деңгейін төмендетуге болады. Біздің мемлекетіміздің осы әлеуметтік зұлымдықпен белсенді күресіп жатқаны қуантады, оны төмендету үшін қабылданып жатқан шаралар осының жарқын дәлелі.

АШЫҚТЫҚ ЖЕМҚОРЛЫҚТЫҢ ЖОЛЫН КЕСЕДІ

Айта кету керек, 2022 жылы Қазақстанның 2022–2026 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының тұжырымдамасы бекітілді. Қазақстанның 2015–2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясы қабылданған сәттен бастап біздің мемлекетімізде сыбайлас жемқорлықты барынша азайту бойынша орасан зор жұмыс жүргізілді.

Мәселен, «ҚР мемлекеттік қызмет туралы» заңымен мемлекеттік қызметтің «мансаптық» моделіне көшу қамтамасыз етілді, ашық конкурстық іріктеу, құзыреттілік негізінде ілгерілету тетіктері арқылы меритократия қағидаттары енгізілді. Командалық орын ауыстыру үшін жағдайлар қысқартылды, мемлекеттік қызметшілердің тиімділігін бағалау жүйесі түбегейлі қайта қаралды, жұмыс нәтижелеріне байланысты еңбекақы төлеудің жаңа жүйесі сынақтан өткізілді. Осы жаңалықтардың арқасында барлық азаматтардың материалдық, әлеуметтік жағдайы мен мәртебесіне қарамастан қалаған лауазымға орналасу мүмкіндігі бар.

Мемлекеттік қызметшілерге еңбекақы төлеудің жаңа жүйесін енгізу сыбайлас жемқорлық құқықбұзушылықтарға нөлдік төзімділікті қалыптастыруға өте оң әсер етеді.

Айта кету керек, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл үшін жұртшылықтың әлеуеті белсенді пайдаланылуда, бірқатар үкіметтік емес ұйымда ұсынған қоғамдық бақылау күшейтілді. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің жанынан жұртшылық өкілдерінен тұратын арнайы мониторингтік топтар құрылды, олардың басты мақсаты – сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегияның іске асырылуын бағалау.

2020 жылдың қорытындысы бойынша Қазақстан БҰҰ-ға мүше 193 ел арасында «электрондық үкіметтің» даму деңгейі бойынша рейтингте 29-орынды (2018 жылы – 39), ТМД елдері арасында – 1-орынды, Азия елдері арасында – 6-орынды иеленді.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың маңызды факторлары-

ның бірі бизнес-процестерді автоматтандыру. «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы қазақстандықтардың мемлекеттік қызметтерін алу үшін қолайлы жағдай жасауға, сондай-ақ, мемлекеттік органдарға жүгінген кезде тікелей байланысты болдырмауға арналған.

Бүгінгі таңда мемлекеттік қызметті «бір терезе» қағидаты бойынша алуға болады, халыққа қызмет көрсету орталықтарына немесе электрондық үкімет порталы (www.e.gov.kz) арқылы жүгіну жеткілікті.

Алдын алу шараларынан басқа, сыбайлас жемқорлық үшін жауапкершілік және жазаның бұлтартпастығын қамтамасыз ету күшейтілді. Сыбайлас жемқорлық қылмыс жасаған адамдар үшін мемлекеттік қызметке және квазимемлекеттік сектор субъектілеріне жұмысқа орналасуға өмірбойы тыйым салынды. Сонымен қатар, ауыр және аса ауыр сыбайлас жемқорлық қылмыстары үшін сотталғандарды шартты түрде мерзімінен бұрын босату мүмкіндігі алынып тасталды. Паракорлық үшін жазаны ең төменгі қауіпсіздік мекемесінде бірден өтеуге тыйым салынды.

Бұл кеселге қарсы тұру – елдің әрбір азаматының міндеті!

АҚМОЛА ОБЛЫСЫ

ТАРАЗЫ

ҚҰҚЫҒЫҢА ҚҰЛАҚ САЛ!

ҚР Қылмыстық-процестік заңнамасына сәйкес, бұлтартпау шарасын санкциялау туралы өтінішхаттарды қарау сотқа дейінгі іс жүргізу сатысында тергеу судьяларының құзыретіне кіреді. Яғни, сот сатыларында бұлтартпау шарасын таңдау, оның күшін жою, өзгерту, ұзарту мәселелері қылмыстық істі қарайтын соттың құзыретіне жатады.

КҮЗЕТПЕН ҰСТАУ ТҮРІНДЕГІ БҰЛТАРТПАУ ШАРАСЫН САНКЦИЯЛАУ

Қылмыстық істер бойынша іс жүргізу кезінде соттың санкциялауында күзетпен ұстау, ұйқамақ, кепіл түріндегі бұлтартпау шаралары жатады. Бұлтартпау шарасын санкциялау барысындағы сот практикасының біркелкілігін қамтамасыз ету мақсатында ҚР Жоғарғы Соты тарапынан 2020 жылдың 24 қаңтарында «бұлтартпау шарасын санкциялау туралы» нормативтік қаулысы қабылданды. Бұл нормативтік қаулыға сәйкес, «бұлтартпау шарасын санкциялау, сондай-ақ, оның мерзімін ұзарту туралы шешім қабылдау кезінде тергеу судьясы күдіктінің, айыпталушының ҚР Конституциясының 16-бабында, Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық фактінің 9-бабында жарияланған және Қылмыстық-процестік кодексінің нормаларында көзделген құқықтарының сақталуын қамтамасыз етуі қажет», – делінген.

Кодекстің 148-бабы 7-бөлігі 3-тармағына сәйкес, күзетпен ұстауды санкциялаудан бас тартылған жағдайда тергеу судьясы ҚПК-нің 137-бабының 1-бөлігінде көзделген өзге де бұлтартпау шарасын таңдауға құқылы. Өзге бұлтартпау шарасын таңдау үшін негіздер болмаған кезде тергеу судьясы күзетпен ұстауды санкциялаудан бас тарту туралы қаулы шығарады. ҚПК-нің 136-бабының 1-бөлігінде сараланған әрекеттерді күдіктінің, айыпталушының іс жүзінде жасауы мүмкіндігін куәландыратын нақты мән-жайлар бұлтартпау шарасын қолдану үшін негіз болып табылады. Бұл негіздер болмаған жағдайда бұлтартпау шарасы таңдалмауы тиіс. Бұдан басқа бұлтартпау шарасы ҚПК-нің 138-бабының 1-бөлігінде көзделген мән-жайлар ескеріле отырып таңдалады. Кодекстің 136-бабының 3-бөлігінде сараланған қылмыстық құқықбұзушылықтар жасады деп күдік келтірген, айыпталған адам ұйымдасқан топтың немесе қылмыстық қоғамдастықтың (қылмыстық ұйымның) құрамында қылмыс жасады деп қылмыстық қудалау органдарынан, соттан жасырынуға әрекеттенген немесе жасырынған жағдайларды қоспағанда, осы адамға қатысты күзетпен ұстау түріндегі бұлтартпау шарасын қолдануға жол берілмейді. ҚПК-нің 147-бабының 1-бөлігіне сәйкес, заңда 5 жылдан аз мерзімге бас бостандығынан айыру түріндегі жаза көзделген онша ауыр емес және ауырлығы орташа қылмыстарды жасады деген күдіктіні, айыпталушыны, сотталушыны күзетпен ұстау осы кодекстің 147-бабы 1-бөлігінің 1-ден бастап 7-тармақтарында көрсетілген мән-жайлар болған кезде ерекше жағдайларда қолданылуы мүмкін.

Кодекстің 140-бабы 2-бөлігінің, 147-бабы 2-бөлігінің талаптарына сәйкес, қылмыстық процесті жүргізуші орган бұлтартпау шарасын қолдану туралы және тергеу сотының алдында таңдалған бұлтартпау шарасын қолдануға санкция беру туралы өтінішхат қозғауға қаулы шығарады. Сотқа дейінгі тергеп-тексеру органының қаулысында күзетпен ұстау мерзімі көрсетілуі тиіс.

ҚПК-нің 131-бабының 4-бөлігінде, 151-бабында көзделген ұстау және күзетпен ұстау мерзімдері аяқталған жағдайда, күдікті, айыпталушы ҚПК-нің 133-бабы 2-бөлігінің және 151-бабы 5-бөлігінің талаптарына сәйкес дереу босатылуға жатады.

Күзетпен ұстау түріндегі бұлтартпау шарасын санкциялауға сот адамға қылмыс жасады деп күдік келтіру негізділігін тексергеннен кейін жол беріледі. Осыған байланысты қылмыстық қудалау органының өтінішхатында және оған қоса тіркелген материалдарда дәл осы адамның қылмыс жасады деген күдікті көрсететін мәліметтер болуы тиіс.

Тергеу судьясы күзетпен ұстау түріндегі бұлтартпау ша-

сын сырттай санкциялау туралы қаулыда ұсталған адамды мекемеге жеткізген жағдайда күзетпен ұстау орнының бастығы бұл туралы қылмыстық істі жүргізіп отырған органды немесе адамды және қадағалаушы прокурорды дереу хабардар етуге тиіс екенін көрсетуі қажет.

Тергеу судьясы күзетпен ұстау түріндегі бұлтартпау шарасын сырттай санкцияланған адам ұсталғаннан кейін, күзетпен ұстауды қолданудың негізділігі туралы мәселені қарау үшін ол сотқа дейінгі тергеп-тексеру жүргізілетін тергеу судьясына дереу жеткізіледі. Егер ұсталған адамды сотқа дейінгі тергеп-тексеру жүргізу орны бойынша тергеу судьясына дереу жеткізу қиын болмаса немесе ұзақ уақытты талап етсе, онда сырттай санкцияланған күзетпен ұстауды қолданудың негізділігін тексеру туралы мәселені тергеу судьясы адамды ұстау орны бойынша қарауы мүмкін.

Тергеу судьясы сырттай санкцияланған күзетпен ұстаудың негізділігі туралы мәселе ҚПК-нің 148-бабының қағидалары бойынша прокурордың, күдіктінің, қорғаушының қатысуымен өтінішхат келіп түскен сәттен бастап 8 сағат ішінде сот отырысында қаралады. ҚПК-нің 48-бабы 5-бөлігінің талаптарына сәйкес күзетпен ұстау мерзімі нақты ұсталған кезден бастап есептеледі, осыған байланысты күзетпен ұстау түріндегі бұлтартпау шарасына санкция беру туралы қаулыда, осы мерзімді есептеудің басталуы минутына дейінгі дәлдікпен көрсетілуі тиіс.

ҚР-ның мемлекеттік шекарасын кесіп өткен кезден бастап ҚПК-нің 584-бабына сәйкес Қазақстанға берілген (экстралицияланған) адамды күзетпен ұстау және оны этаппен апару мерзімі есепке алынады. ҚПК-нің 541-бабының 1, 3-бөліктеріне орай көмелетке толмаған күдіктіге, айыпталушыға қатысты бұлтартпау шарасы ретінде күзетпен ұстау тек ерекше жағдайларда ғана, оған ауыр немесе аса ауыр қылмысқа күдік келтірген кезде ғана қолданылуы мүмкін.

Кәмелетке толмаған адамды сотқа дейінгі іс жүргізу барысында күзетпен ұстау мерзімі 6 айдан аспауға тиіс. Тергеу судьясы күзетпен ұстау түріндегі бұлтартпау шарасын санкциялау туралы өтінішхатты қараған кезде кәмелетке толмаған күдіктіні, айыпталушыны ҚПК-нің 144-бабында көзделген тәртіппен қарауға ұстауға беру сияқты шараны айқындау мүмкіндігін талқылауға міндетті.

Күзетпен ұстау мерзімін ұзарту туралы өтінішхат тергеу сотының алдында бірнеше рет қозғалған жағдайда және алдыңғы өтінішхаттарда көрсетілген тергеу әрекеттерін орындау қажеттілігінің уәждері бойынша судья жүргізілмеген себептерді анықтауға міндетті. Тергеу судьясының күзетпен ұстау мерзімін ұзарту туралы қаулысында осы бұлтартпау шарасы ұзартылған мерзім, сондай-ақ, осы мерзімнің аяқталу уақыты минутына дейінгі дәлдікпен көрсетілуге тиіс.

Тергеу судьясы ҚПК-нің 152-бабының 7-бөлігіне сәйкес қылмыстық істің материалдарымен танысу кезеңінде күдіктіні күзетпен ұстауға тергеу судьясы ҚПК-нің 148,151-баптарында көзделген тәртіппен санкция береді және ұзартады. Егер тергеу судьясы тергеушінің күдіктіні, айыпталушыны және қорғаушыны қылмыстық іс материалдарымен таныстыру процесін мерзімінде орындалмағандығын анықтаса, онда ол күзетпен ұстау мерзімін ұзартудан бас тартуға құқылы.

Дәметкен ТОХТАРБАЕВА,
Ақтөбе қалалық тергеу
сотының бас маманы-сот мәжілісінің хатшысы

МЕДИАЦИЯ

Жаңақорған аудандық соты халық арасында дауларды соттан тыс реттеудің жолдарын насихаттау мақсатында кент орталығының көрнекті жеріне билборд орнатты.

Билборд орнатудың басты мақсаты – халық арасындағы дауларды шешуде татуластыру рәсімдерін кеңінен насихаттау, татуласу рәсімінің артықшылығы мен нәтижесін түсіндіру.

Татуласу рәсімдері ата-дәстүр мен ел ішіндегі тұрақтылықты сақтауға зор септігін тигізеді.

Сонымен қатар, орнатылған билбордта «Татуластыру рәсімдерінің» негізгі мақсаты, Азаматтық процестік кодекстің талабына сәйкес, дауласушы тараптардың татуласу келісімін жасау; медиация тәртібімен келісімге келу; партисипативтік рәсім тәртібімен татуласу жолдары, іс қозғалғанға дейін сотқа дейінгі хаттаманы жасай отырып, татуластыру рәсіміне қатыстыру, татуласудың, бітімге, бір мәмілеге келудің пайдасы және бір ауыз сөзбен бүкіл бір елдің мәселесін шешіп, жесірін қылатпаған, жетімін құлатпаған, дархан даланың данағай ақылмандары, от ауызды, орақ тілді қазақтың даңқты билері Төле, Қазыбек, Өйтеке билердің ел ішіндегі кейбір кикілжің,



дау-дамайларды шешіп, қалың қазақты дуалы ауыз шешендігімен, көреген көсемдігімен байтақ қазаққа бас болып, айрандай ұйытқан үш абзалдың және Тұрмағамбет Ізтілеуұлы, Балқы Базар, Шәкәрім Құдайбердіұлы, сөз атасы Мұхтар Әуезов сынды жазушы, көсемсөз зергері, ақын-жыраулардың татулық, ынтымақ, бірлік жайлы айтқан канатты, нақыл, ұлағатты сөздері қамтылған.

Бұл өз кезегінде атқарылған жұмыс ел ішінде дауласушылық деңгейін төмендетуге септігін тигізеді деп санайды.

Сонымен қатар, аталған билбордтағы ақпараттар қажеттілігіне қарай өзгертіліп отыратын болады.

Жаңақорған аудандық
сотының баспасөз қызметі
ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ

(Соңы. Басы 1-бетте)

– Тәуелсіздік алғаннан кейін балық шаруашылығын түбегейлі құрдымға жіберіп, ең төменгі деңгейге жеткіздік. Соның зардабын әлі тартып келеміз. Кеңес дәуірінде Қазақстанда балық өсіруге мұқтаждық болмады. Себебі, табиғи қордағы балық жеткілікті еді. Бұдан бөлек одақ құрамындағы республикалар өздері өндірген кейбір өнімдерін белгілі бір көлемде өзгелерге беріп келгендіктен Қазақстанда балықты қолдан өсіруге аса қатты мұқтаждық болған жоқ. Сол кездегі статистикаға қарап отырсақ табиғи ортадан жылына 110 мың тонна балық ауланды және қолдан 10 мың тонна балық өсірілді. Бұл қағаз жүзінде емес, іс жүзінде болған нәрсе. Яғни, Қазақстан жылына 120 мың тонна балық өндіріп отырды. Сондықтан тәуелсіздік алғаннан кейін мұқтаждық пайда болып, біз оны сырттан экспорттауға мәжбүр болдық.

Өзіміздегі табиғи ортадан ауланатын балықтың көлемі 45 мың тоннадан аспайды. Бұл 110 мың тоннаның 35 пайызы ғана. Балықты қолдан өсіруде де 1990 жылдардағы 10 мыңнан тәуелсіздік тұсында 800 тоннаға дейін азайтып алдық. Сосын бұрын бізде жеке Балық шаруашылығы министрлігі болды. Тәуелсіздік алғаннан кейін ол министрлікті жауып, балық шаруашылығын басында комитет, кейін басқарма ретінде Ауыл шаруашылығы министрлігінің қарамағына енгіздік. Артынша балық деген сөзді мүлде алып тастап, оны Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің құрамындағы бір басқарманың ішіне кіргізіп тастадық. Осының өзі балық шаруашылығының бізде қандай деңгейде екенін көрсетеді.

– **Өндірістің дамуы ғылым мен онда жұмыс жасайтын ғалымдардың деңгейіне де байланысты ғой?**

– Біздегі балық шаруашылығының дамымай қалуына маманданған ғылыми-зерттеу институтты деңгейінің төмен түсіп кетуінің де әсері мол. Ол бірінші кезекте сол ғылымды басқаратын басшылардың жүргізіп отырған саясаты мен жұмысының нәтижесі деп айтуға болады. Кеңес дәуірінде әрбір табиғи көлдегі балықтың азығы, балық түрлерін жерсіндіру және олардың өнімділігі мен қорын арттыру мақсатында көптеген жұмыс жүргізілетін. Сондықтан әрбір үлкен су алабы бассейнінің жанында балық өсіру питомниктері болды. Сол питомниктер жоспарлы түрде млн-даған шабақтарды қағаз жүзінде емес, іс жүзінде өсіріп, су айдындарына жіберіп жүрді. Өйткені, ол заманда партия айтты, оны орындау керек деген талап болды. Егер тапсырманы орындамасаң басыңмен жауап бересің. Сондай қатаң тәртіп пен бақылаудың арқасында барлығы өз дәрежесінде атқарылды. Кейін балық питомниктері жеке қолға өткендіктен теңдер, келісу деген дүниелер балық шаруашылығын одан ары құрдымға жіберіп, олардың да деңгейін түсірді. Соңғы 30 жылда институттың атауы Балық шаруашылығы ғылыми-өндірістік орталығы деп өзгергенмен, оның шетелге бөсеке болмақ түгілі, Қазақстанның өз ішінде түртіп алар бірде-бір ғылыми жаңалығы болмады. Орталық бұрынғы институтта кеңес дәуірінде жасылып кеткен дүниелерді қайталай алмай жатыр. Ол ашы да болса шындық.

– **Мемлекеттен балық шаруашылығы ғылымына жыл сайын бюджеттен қыруар қаржы бөлініп келе жатқан жоқ па?**

– Балық шаруашылығы ғылыми-өндірістік орталығы мемлекеттік қаржыландыру тұрғысында қазір көптеген ғылыми ұйымдарды артқа тастап, суырылып алға шықты. Егер санмен айтатын болсақ, соңғы қаржыландыру көлемі 4,3 миллиард теңгені құрады. Көптеген жобалардың техникалық тапсырмалары мен мазмұны да сол бұрынғы жұмыстарды қайталау. Мысалға айтсақ, көксерке балығын өсіру технологиясын осыдан 12 жыл бұрын бастады. Соңғы 10 жылда үздіксіз жүргізіп, 2021–2023 жылдары оны тағы қайталауда (Грант №BR10264236). Бірақ осы жасалған жұмыстардан кейін су қоймаларында көксеркенің артқанын байқай алмай отырмын. Жасаған технологияларын қайда дейтін мемлекет те, маман да жоқ. Бұл жағдайды ушықтыруда. Тіпті, көксеркені Қазақстанның аквакультурасы үшін жаңа нысан ретінде таныстыруы, ғылым үшін жаңалық емес және ғылымның әдебіне де сәйкес емес. Балық шаруашылығы ғылыми басшысының әрекеттерін бір ғана сұхбатқа сыйдыру мүмкін болмасы анық. Бұл орталықтың біз сияқты балық өсіретін жеке шаруашылықтарға берері жоқ. Ал ғылымсыз ешқандай өндіріс те, ол балық шаруашылығы болсын, басқа болсын даму болмайды. Бізде сонымен қатар мемлекет тарапынан бақылау әлсіз. Сондықтан балық инспекциясының жұмысы өте төмен дәрежеде. Балықтың көктемгі уылдырық шаушынан бастап, оның ересек күйге жетіп, тұтынушылардың ас мәзіріне енуіне дейінгі аралықта ешқандай бақылау жоқ. Ол ұрланып жатыр ма, шамадан тыс ауланып жатыр ма, белгісіз. Осы тұрғыда Балық шаруашылығы комитеті 2018 жылдан бастап

балық шаруашылығын цифрландыруды жоспарлап, қолға алды. Бірақ балық шаруашылығындағы цифрландырудың нәтижесін әлі көрген жоқпыз. Цифрландыру деген сөз ол базарда, дүкенде сатылған, әрбір су алаптарында ауланған балықтың ауға түскеннен бастап, ас мәзіріне енгенге дейінгі аралықтағы тарихының бір қорға жинақталуы ғой.

– **Саланы дамыту үшін қабылданған бағдарламалар неге нәтиже бермей отыр?**

–Дұрыс сұрақ. 2020 жылы Премьер-Министр Аскар Мәми Шардараға барған кезінде жасалған хаттама балық шаруашылығын дамытудың 2021–2030 жылғы бағдарламасын қабылдауға негіз болды. Бұл бағдарлама шын мәнінде балық шаруашылығы тарихындағы алғашқы ауқымды бағдарлама саналады. Әрине оған дейін де балық шаруашылығын дамытудың шеберлік сыныбы және 5 жылдық бағдарламасы болды. Бірақ бірде-біреуі ақырына дейін жеткен жоқ. Әрбір бағдарламаны жасайтын, ұсынатын өзі болғандықтан, ол шыны керек, ғылыми негізде емес тапсырыс беруші тапсырмасының ықпалында болды. Бұл былайша айтқанда «кім ақысын төлейді, сол музыкаға тапсырыс береді» дегендей жағдайға саяды.

Ғылыми ұйымның түрлі жылдардағы бағдарламаларын алып қарайтын болсақ, мастер жобада Қазақстан бойынша

Мейрамбек ПАЗЫЛБЕКОВ,
«Halyk Balyk» компаниясы директорының орынбасары:

«БАЛЫҚҚА ҰЛТТЫҚ БАЙЛЫҚ РЕТІНДЕ ҚАРАЙ АЛМАЙ КЕЛЕМІЗ»

2025 жылға дейін 60 мың тонна балық өсіреміз деген жоспар болған. Бірақ 2020 жылғы Шардарадағы кездесуден кейін шұғыл түрде қыс мезгілінде Қазақстан су айдындарын аралап, ақпарат жинаған Балық шаруашылығы ғылыми-өндірістік орталығы Қазақстан 2030 жылы 270 мың тонна балық өсіреді деп айды аспаңға шығарды. Алғашында бұл сан 600 мың тонна болған. Балық шаруашылығы ғылыми-өндірістік орталығының директоры Қуаныш Искеков 600 мың тонна балық өсіруге Қазақстанның әлеуеті жетеді деді. Артынша оны 300 мың тоннаға түсірді. Кейін Үкімет құжатты мақұлдаған кезде 270 мың тонна көлемінде бекітті.

– **Бұқаралық ақпарат құралдарына берген сұхбаттарыңыз бен әлеуметтік желідегі жазбаларыңызда оны орындамайтын бағдарлама деген екенсіз. Неге?**

– Бұл межеге біздің еліміздің 2030 жылы жетуі мүмкін емес. Себебі, бағдарламада белгіленген 10 жылдың 2 жылы өтіп кетті. Бірақ әлі күнге дейін аквакультура саласының жеке заңы жоқ. Бірақ аквакультура саласында балық өсіріп жатырмыз. Ең қызығы сан түрлі сұрақты туындататын бір факт бар. Цифрларды сөйлететін болсақ, 2020 жылы Қазақстан небәрі 7 мың тонна балық өсірген. 2021 жылы аяқ астынан 15,9 мың тонна балық өсірілгені жарияланды. 2020 жылы құрылған Балық шаруашылығы комитеті басшылары «Ол меже бағдарламада келтірілген. Біз соны артығымен орындадық» деп ақпарат берді. Бірақ Ұлттық статистика бюросының мәліметі бойынша 2021 жылы елімізде 7,5 мың тонна ғана балық өсірілген. Бұл ресми статистика. Бірақ Балық шаруашылығы комитеті өзінің фейбуктағы парақшасында 15,9 мың тонна балық өсірдік деп жариялап қойды. Балық 2 есе айырмашылық бар деген менің сұрағымна олар Қызылорда мен Маңғыстау облыстары статистикаға кірмей қалды деді. Сосын салаға жауапты мамандарынан сұрап едім, Қызылорда облысынан 100 тонна, Маңғыстау облысынан 14 тонна ғана балық өсірілді деген жауап алдым.

Қазір 2022 жылғы балық аулау маусымының соңына жақындадық. Балық шаруашылығының ақпаратына сәйкес биыл жоспар бойынша 25 мың тонна балық өсірілуі керек. Осы тұрғыда Балық шаруашылығы комитеті өзін тығырыққа тіреді.

– **Бағдарламада 2030 жылы 270 мың тонна балық өсіру үшін 2,5 млрд шабақ керек деп жазылып тұр ғой...**

– Балық шаруашылығы комитетінің статистикасына сәйкес Қазақстан бойынша табиғи су алаптарын балықтандыру үшін жылына 207 млн балық шабағы жіберіледі. Оның 100 млн-нан астамы тұқы балықтары. Яғни, сазан, ақ амур, дөңмаңдай балық. Оны біздің «Halyk Balyk» компаниясы да өсіреді.



Жалпы, 2022 жылғы дерек бойынша Қазақстанда 7 шаруашылық қана тұқы балықтарды өсірумен айналысады. Алайда олардың қуаттылығын қосқанның өзінде өсірілетін балық 30 млн жаздық шабақтан аспайды. Сонда ар жағындағы 70 млн астам тұқы балықтарының шабақтары қайдан шықты деген сұрақ туындайды. Қазір табиғи ортада Балқаштан болсын, Қапшағайдан болсын сазан ұстай алмайсыз. Оны мен емес, әуесқой балықшылардың өздері айтуда. Сонда мемлекет тапсырысы аясында суға жіберілген млн-даған шабағымыз қайда? Ол шабақтарға үкімет ақша бөлді ғой. Одан кейін бұл шабақтарды конкурс, тендер негізінде жеңіп алған шаруашылық техникалық сипаттамаға сәйкес жіберуге міндетті. 2022 жылғы жағдай бойынша мен көктемде заңға толықтыру енгізуге бір ұсыныс жасадым. Сол арқылы мемлекеттік тапсырысты орындайтын шаруашылықты Қазақстанның кез келген азаматы барып, қарап, бақылай алатын болады. Бұрын ол қолданыстағы заңда болмаған. Соның нәтижесінде Қапшағай уылдырық шашу, өсіру шаруашылығы мен Жамбыл облысында орналасқан «Сандел» шаруа қожалығы Алматы облысындағы Балқаш көлі, Қапшағай су қоймасы және Іле өзеніне 1 млн 850 мың тұқы балықтарының шабағын жіберуі бойынша жеңіп алған тендерлерінен өз еркімен бас тартты. Сондағы сылтауы – шабақтарымыз өспей қалды, ауа-райы қолайсыз болды, саны жетпейді. Енді қос шаруашылық та соттың шешімімен «Қара тізімге» енгізілетін болады. Егер Алматы облысындағы су айдындарына жіберілетін шабақтарға бақылау жүргізем дегенде, жағдай басқаша болар еді. Көрініз бе, бізде заңды бөлшеңсен басу қалай жүріп жатыр! Бұл тек Алматы облысындағы жағдай. Басқа облыстарға бақылау жүргізуге қазір менің шамам да, уақытым да, мүмкіндігім де жоқ. Ал жалған ақпараттың арқасында біздің балық шаруашылығы әлі күйзелісті басынан өткізіп жатыр.

– **2030 жылға белгіленген мезгінің орындалмауына кедергі келтіретін факторларды таратып айтып беріңізші.**

– Жоғарыда атап өткен 270 мың тонна балық көлемі табиғи балыққа еш қатысы жоқ, аквакультурада қолдан өсірілетін балық. Ал бұл үшін қажетті 2,5 млрд балық шабағын Қазақстан сырттан экспорттаса да қамтамасыз ете алмайды. Табиғи сұлардың өзін шабақпен қамтамасыз ете алмай отырғанда, балықты қолдан өсіруді қайдан қамтамасыз етеміз? Бұл 270 мың тонна өнімнің орындалмайтынының бірінші алғышарты. Өйткені, бізде оған шабақ жетіспейді. Екінші, сол шабақтарды өсіретін тоған, көл, су жетіспейді. Экология, геология және табиғи ресурстар министрі Серікқали Брекешовтың өзі «су қоры жылдан жылға азайып жатыр. 2030 жылға қарай Қазақстан судың зардабын шегеді» деп айтты. Ал біз 2030

жылға дейін 270 мың тонна балықты қолдан өсіргіміз келеді. Сонымен қатар, Қазақстандағы барлық су қоры түрлі себептерге байланысты балық өсіруге жарамсыз. Үшінші, Қазақстанда балыққа беретін жем жоқ. Яғни, 1 кг балықты өсіру үшін 2 кг жем керек болса, 270 мың тонна балықты өсіру үшін 540 мың тонна жем қажет. Қазақстан қазір 5 мың тонна да жем шығармайды. Яғни, бізде жем жоқ болса да, қағазда балық өсіп жатыр жылдан жылға.

– **Балықты көбейту, өсіру, тұтыну және сату үшін аулау жұмыстары елімізде ғылыми тұрғыдан қаншалықты қарастырылған?**

–Бүгінгі таңда белгілі болғаны, соңғы 3 жылда Балық шаруашылығы ғылыми-өндірістік орталығының мемлекет тарапынан қаржыландырылуы 4,3 млрд теңгеге жетті. Яғни, жылына 1 млрд-тан астам теңге игеріліп отырады. Бірақ қандай жаңа технологиясы бар екенін өтініш арқылы да, ресми түрде де сұрап жүрмін, «коммерциялық құпия» деп қысқа қайырады.

Қазір олар заң аясында балық шаруашылығын ашатын кез келген азаматтың сол ғылыми ұйымға барып, биологиялық негіздеме деген құжат жасатуды міндеттеп қойған. Алайда бұл биологиялық негіздеме кәсіби негізде емес, қалай болса солай жасалатыны соншалықты, сол азаматтар менің алдыма жиі келеді. Өйткені, олар балық шаруашылығын іс жүзінде жүргізу үшін бірінші жағдайда кеңес алады. Екінші жағдайда менен өсіру үшін шабақ алады. Сол кезде қолдарындағы биологиялық негіздемеге қарап отырып күлерінді не жыларыңды білмейсің.

Осы арада бұған бір мысал айтайын. Ақтобеде аумағы 90 гектар көлі бар азаматқа 1800 шабақ жібер деп ұсыныс берген. Мен өзім қоректік базасы жеткілікті жағдайда қолдан жартылай интенсивті қоректендіру мақсатында 1 гектарға 5-7 мыңға дейін шабақ жіберуге ұсыныс берем. Біз Еуропаның алдына түсіп кетейік, болмаса әлемнің алды болайық деп талап қойып отырған жоқпыз. Сондықтан ғылым тұрғысынан кеңес сұрап келгендерге мен Еуропа емес, мына көрші Өзбекстанның моделін ұсынамын. Онда Шавкат Мирзиёев Президенттікке келгеннен бастап балық шаруашылығы қарқынды дамуда. Биылғы ақпарат бойынша Өзбекстан жылына іс жүзінде 400 мың тонна балық өсіреді. Оның жері де, суы да бізден әлдеқайда аз. Бірақ ішкі сұранысының 80 пайызын отандық өніммен қамтамасыз ете алады. Бұл үшін олар өзге елдерден интенсивті және жартылай интенсивті технологияларды алып, өздеріне енгізді. Оны зерттеп ақша құртқан жоқ. Дайын технологияны өз еліне сатып әкелді. Біз де әлемдегі озық технологиялардың үштен бірін жексек, соның өзі зор жетістік болар еді. Бізге «Велосипед» ойлап табудың керекі жоқ!

Кеңес дәуірінде Қазақстан гектарына 2 тоннадан тауарлы балық өсірген.

Бүгінде соны 500 кг-ға жеткізе алмай отыр. Өзбекстан оны толық интенсивті өсірумен 70-100 тоннаға, жартылай интенсивті өндіру арқылы 15 тоннаға дейін өсіреді. Сол себепті, мен балық шаруашылығы ғылымының 2022 жылы бізге берген пайдасынан кедергісі көп болды деп айта аламын. Себебі, заң аясында тексеретін бүкіл комиссияға Балық шаруашылығы ғылыми-өндірістік орталығы кіреді. Олар кім шындықты айтады, кім өз еркінше жұмыс істегісі келеді, солардың өрге жүріп келе жатқан арбасының дөңгелегіне таяқ қояды. Комиссияға әмірін жүргізіп, шабақтарын қабылдамай тастайды. Ал өздерінің өсірген шабақтарының технологиясын көрейік десе маңына да жолатпайды.

– **Мемлекеттен қаржы алар кезде олар ғылыми өтінімдерінде біздің жасаған ғылыми жұмысымыздың нәтижесінде Қазақстанның балық шаруашылығы қарыштап дамиды, осындай индикаторлар мен стратегиялық сұрақтардың жауабы шешіледі деген уәждеме келтіреді ғой?**

– Оның бәрі құрғақ уәде. Мысалы, жоғарыда айтқан көксеркенің қолдан өсіру технологиясы, сонымен қатар біздің компания биыл қолға алған Қызыл Кітапқа енген Арал бекіресін ондаған жыл бойы аталған ғылыми ұйым зерттеуден шаршаған емес. Соңғы 30 жылда Арал бекіресінің бірде бір аналық үйірі қолдан өсіру жағдайына бейімделмеген, бірде-бір шабағы өсіріліп табиғи ортаға жіберілмеген. Бірақ қаржы миллиондап игерілген, оны сұрап жатқан құзырлы орган болмады. Балық шаруашылығына бөлінетін қаржы бізде былайынша біршама ғылыми бағыттардан әлдеқайда

көп. 4,3 млрд теңге деген қыруар қаржы. Мәселен, Өзбекстанда қаржыны мемлекет тікелей өндіріске бөледі. Қаржы алған өндіріс мемлекеттен келісімшартқа отырып, өзіне жүктелген міндеттемені орындау үшін ғалымды өзі іздейді. Репутациясы жоқ, нәтижесі жоқ ғалымдармен олар сөйлеспейді. Қажет маманды Қытай бола ма, Еуропа елдерінен бола ма, іздеп жүріп тауып, алдырады. Онымен келісім жасайды. Соның нәтижесінде екі тарап та табыс тауып, мемлекетке нақты өнім ұсынады. Ал бізде бәрі керісінше.

– **Балық шаруашылығы саласында арнайы ғылыми-зерттеу орталығы болса да жыл сайын елімізде балықтың, итбалықтың өлімі азаймай тұр. Оның себебін анықтайтын мамандардың және зертханалық жасабықтардың деңгейіне жұртшылықтың күмәні көп. Оны қалай сөйлетуге болады?**

– Иа Каспий бассейнінде биылдың өзінде итбалықтың өліміне қатысты бірнеше факт тіркелді. Біз де талап етіп жатамыз. Балықтың өлімі болады, итбалықтың өлімі болады, браконьер ұсталады. БАҚ-та соның себебін, салдарын анықтап, бұл факторлардың қайталанбауы үшін алдын алу шаралары ақырына дейін апарылмайтыны белгілі болды. Бұған дейін итбалықтың өлімін Баутина жағалауындағы балықшылардың кәсібімен тікелей байланыстырған болатын. Итбалықтың өлімі туралы соңғы факт 7 қараша күні тіркелді. Себебі, батыстан соққан жел 141 итбалықтың өлген денесін жағалауға шығарып тастады. Алғаш көрген балықшылардың айтуынша, итбалықтар ешқандай ау құралына оралмаған. Ал Экология, геология және табиғи ресурстар министрі Серікқали Аманжолұлы 14 қарашада өткен Үкімет сағатында күкірттің ауаға тарауы себеп болуы мүмкін деген ақпаратты алдыға тартты. Ол мұнайды, газды игеру жұмыстары барысында қосарлана шығатын газды табиғатқа тастау салдарынан болуы мүмкін. Толық ақпарат сараптама жұмыстарының қорытындысына сәйкес берілетін болады. Сараптамаға Қазақстаннан бөлек Ресейдің ғалымдары да тартылды деді. Оның нәтижесі 1 айдан кейін мәлім болады. Яғни, желтоқсанның алғашқы онкүндігінде шығып қалуы мүмкін.

Президент Атырауға ыссапармен барған кезде де соңғы кездері итбалықтың өлімі көп екеніне тоқталды. Соған байланысты, Каспий теңізінің балық қоры, итбалығын зерттейтін, қорғайтын мемлекеттік ғылыми-зерттеу институтын құру қажет деп шегелеп айтты. Оны өндірісшілер де қуана қолдады. Өйткені, Балық шаруашылығы ғылыми-өндірістік орталығының оны зерттейтін және алдын алатын еш қауқары жоқтығын уақыт көрсетті. Егер ол жақсы нәтиже берсе ондай ғылыми құрылымдар алдағы уақытта Қазақстан бойынша өзге өңірлерде де құрылуы керек.

– **Сұхбатыңызға рақмет.**

Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,
«Зан газеті»

АЛҚАБИЛЕР СОТЫН ЖАҢҒЫРТУ – УАҚЫТ ТАЛАБЫ

ҚР 2006 жылғы 16 қаңтарда қабылданған «Алқабилер туралы» заңына сәйкес алқаби дегеніміз – соттың қылмыстық істі заңда белгіленген тәртіппен қарауына қатысуға шақырылған және ант қабылдаған Қазақстан азаматы. Ал алқабиге кандидат дегеніміз – ҚР Қылмыстық іс жүргізу кодексіне сәйкес кейіннен алқабилерді іріктеу рәсіміне қатысу үшін алқабиге кандидаттардың тізіміне енгізілген азамат.

Алқаби – құрметті міндет бола тұрғанымен, кейбір азаматтар алқабидің міндетіне салғырт қарап, сотқа келуден бас тартып, кейде тіпті, сотқа дәлелсіз себептермен келмей жатады.

Сот белгілі бір азаматты сотқа алқабиге кандидат ретінде шақыру үшін оған сотқа келу туралы хабарлама жолдайды. Бұл хабарлама сот отырысы басталғанша 7 тәулік бұрын алқабиге кандидат адамға пошта байланысы арқылы немесе сот қызметкері арқылы қолма-қол табыс етіледі. Алқабидің сотқа келуі туралы хабарламаны алған азамат міндетті түрде сотқа келуі шарт, ал сотқа келе алмайтын ерекше жағдайларда бұл туралы сотқа сот отырысы басталғанша алдын ала хабарлауға тиіс.

Сотқа алқабиге кандидат ретінде шақырылған кейбір азаматтар қылмыстық іс бойынша сотталып жатқан адамдардың кейбіреулері бұрын бірнеше рет қылмыс жасап, түрменің дөмін татқан адамдар болғандықтан, өзінің жеке басының және отбасының, атап айтқанда, балаларының, қауіпсіздігі үшін қорқып, сотқа қатысудан бас тартады. Бұл, әрине, дұрыс емес. Бұл тұрғыда ешқандай қорқудың қажеті жоқ, өйткені «Алқабилер туралы» заңға сәйкес алқаби, оның отбасы мүшелері және олардың мүліктері мемлекеттің қорғауында болады. Егер алқабиден тиісті өтініш келіп түссе, сондай-ақ, алқабидің қауіпсіздігіне немесе оның мүліктерінің сақталуына қауіп төнудің басқа да айғақтары анықталса, онда сот алқабидің, оның отбасы мүшелерінің қауіпсіздігін, оларға тиесілі мүліктердің сақталуын қамтамасыз ету бойынша қажетті шараларды қолданады.

Алқабиге кандидаттардың тізімін облыстың жергілікті атқарушы органы, яғни, облыстық әкімдік сайлаушылар тізімдерінің негізінде жасайды.

Алқаби өзінің ішкі нанымы бойынша істің мән-жайын өз бетінше бағалауға және алқабилер алқасының алдына

қойылатын сұрақтарға жауап беруге мүмкіндік алу үшін сотта қаралатын дәлелдемелерді зерттеуге қатысуға, процеске қатысушыларға төрағалық етуші арқылы сұрақтар қоюға, заттай дәлелдемелерді, құжаттарды тексеріп қарауға, жерді және үй-жайларды тексеріп қарау ісіне, сот тергеуіндегі барлық басқа да іс-әрекеттерге қатысуға құқы бар. Төрағалық етушіге заңнама нормаларын, сондай-ақ, сот отырысында жария етілген құжаттардың мазмұнын және іске қатысты, өзіне түсініксіз басқа да мәселелерді түсіндіруді сұрап сот отырысы кезінде жазбалар жасауға құқылы.

Төрағалық етуші судья сот отырысы барысында алқабилерге қойылатын шектеулерді сақтамаған алқабиді сот процесіне одан әрі қатысудан шеттетуі мүмкін. Бұл жағдайда шеттетілген алқабиге айлық есептік көрсеткіштің екі жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салынады.

Алқабиге бюджет қаражаты есебінен іс бойынша төрағалық етуші судьяның лауазымдық жалақысының жартысы мөлшерінде, бірақ алқабидің сотқа қатысу уақытына барабар, оның негізгі жұмыс орны бойынша орташа жалақысынан кем емес мөлшерде сыйақы төленеді. Алқабиге кандидатқа (алқабиге) іссапар шығыстары да республикалық бюджет қаражаты есебінен өтеледі. Алқабидің сотта міндеттерін атқару уақыты еңбек стажын есептеген кезде есепке алынады. Алқабидің міндеттерін атқару кезінде оның негізгі жұмыс орны сақталады. Алқабидің сотта міндеттерін атқаруы кезінде оны жұмыс берушінің бастамасымен жұмыстан шығаруға немесе ақысы төмен жұмысқа ауыстыруға жол берілмейді.

Иниятулла ДОСЕТОВ,
Маңғыстау облыстық
қылмыстық істер жөніндегі
мамандандырылған ауданаралық
сотының төрағасы

«БАЛАЛЫҚ ШАҚТЫ БІРГЕ ҚОРҒАЙЫҚ!»

Алматы технология және флористика колледжінің тәрбие бөлімінің бастығы Ахмеджанова Жанардың ұйымдастыруымен «Балалық шақты бірге қорғайық!» тақырыбында іс-шара өтті. Оған Алматы қаласы ҚАЖ департаментіне қарасты №11 мекемесінің арнайы есеп тобының бас маманы, әділет майоры Әбдүмүтәліп Жадыра, сотталғандар арасында тәрбие бөлімінің қызметкерлері әділет аға лейтенант Бектемиров Сәбит және Жәнісхан Еркегүл қатысты. Кездесу барысында қызметкерлер заң туралы түсіндірме жұмыстар жүргізіп, студенттер қойған сұрақтарға жауап берді.

Кездесудің мақсаты құқықтық жауапкершіліктің маңыздылығын насихаттау. Құқықтық тәрбие – көмелетке толмағандар арасында заң ұғымдарын насихаттай отырып, жасөспірімдерді қажетті құқықтық біліммен қамтамасыз ету. Жастарды заңның негізгі принциптерін оқып қана қоймай, оны меңгере білуге де үйрету қажет. Студенттер арасында өткен «Балалық шақты бірге қорғайық!» атты іс-шара. Жастардың құқықтық сауаттылықтарын арттыруға аз да болса өз үлесін қосары анық.

Кез келген адам өз құқығын, жауапкершілігін білуі тиіс, сол себепті де құқықтық білім баршамызға керек.

Еркегүл ЖЕҢІСХАН,
ҚАЖ департаменті №11 мекемесі



Жақында Қызылорда облыстық сотының ұйымдастыруымен ҚР Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің жүзеге асыруын қамтамасыз етуге байланысты жер даулары мәселелеріне қатысты дөңгелек үстел өтті.



ЖЕР ДАУЫНА ҚАТЫСТЫ ЖИЫН ӨТТІ

Шараға облыстық соттың әкімшілік істер жөніндегі сот алқасының төрағасы мен судьялары, мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сотының төрағасы, судьялары, Қызылорда қалалық сотының судьялары, Қызылорда облысы әкімінің орынбасары, Қызылорда қаласының, аудандардың әкімдері мен жер қатынастары бөлімдерінің басшылары және қалалық мәслихаттың өкілдері қатысты. Облыстық соттың алқа төрағасы Жанат Оспанова дөңгелек үстелді ашып, қатысушыларды күн тәртібімен таныстырып, талқыланатын тақырыптың өзектілігін айтып өтті.

Ол өз сөзінде «Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөнінде өткізілетін конкурстар бойынша жіберілген кемшіліктер» тақырыбында сөз өрбітіп, әкімшілік істі қарау барысында жергілікті атқарушы органдармен жоғарыда аталған конкурсты ұйымдастыру мен өткізу қағидаларының ережелері сақталмай-тыны анықталғанын, атап айтқанда, істі қарау барысында жауапкермен ұсынылған құжаттар заңда көзделген

келісу рәсімінің формальды түрде жүргізілетінін тілге тиек етті. Көбіне хаттарда және хаттамаларда қандай жер учаскелеріне келісім берілгені көрсетілмегенін; қорытындылар (оң немесе теріс) қамтылмағанын; келісімдер жергілікті өзін-өзі басқару органдарынан емес, кент (ауылдық округ) әкім аппаратынан алынғанын, сонымен қатар, конкурс өткізу мерзімінің бұзылуы сынды бірқатар кемшіліктерді көрсетті.

Бұдан кейін жергілікті атқару органдарымен жер учаскесін табыстау, табыстаудан бас тарту барысында орын алған кемшіліктер туралы Қызылорда облысы мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сотының төрағасы Г.Мырзатаеваның баяндамасы тыңдалды.

Г.Мырзатаева сотта қаралған дауларда көбіне бір жер учаскесі бірнеше тұлғаға беріліп, олар бір-бірімен дауласып жүретін немесе учаскелері қабаттасып табысталатын фактілер жиі орын алатынын атап өтті. Оның негізгі фактілері – жер мамандарының жер учаскесін табыстау барысында жер учаскесінің басына бармай, мемлекеттік жер кадастрының автомат-

тандырылған ақпараттық жүйесінің деректеріне ғана сүйеніп, жерге орналастыру құжаттарын дайындауы; алғашқы табысталған жер учаскесінің координаттары жер кадастрының автоматтандырылған ақпараттық жүйесіне енгізілмеуі немесе дұрыс енгізілмеуі екендігін де көрсете отырып, әкімшілік істер бойынша мысал келтірді.

Дөңгелек үстелдегі соңғы тақырып Үлестік меншікке қатысушылардың жер үлесімен шыққан уақытында туындайтын мәселелер жөнінде МАӘС судьясы З.Жарылқасынова баяндама жасады.

Баяндамашы соңғы уақытта жер учаскелеріне қатысты өздеріне тиесілі құқықтарын, оның ішінде шартты жер үлестеріне құқықтарын шаруашылық серіктестіктердің жарғылық капиталына салым ретінде немесе өн-

дірістік кооперативтерге жарна ретінде берген азаматтардың шаруа немесе фермер қожалығын не ауыл шаруашылығы өндірісін ұйымдастыру үшін қатысушылар (мүшелер) құрамынан шығуына байланысты даулар жиілеп кеткенін, бұл даулардың туындауының бір себебі – жергілікті атқарушы органдардың жер үлесі иелерінің жерге қатысты құқықтарын рәсімдеу барысында заң талаптарын сақтамауы болып отырғанын, заң бұзушылық заңды білмегендіктен, не оның ережелерін дұрыс қолданбағандықтан да орын алып жататынын айта отырып, статистикалық деректерге тоқталып өтті.

Шара соңында қозғалған мәселелер бойынша қатысушылар арасында талқылау жүргізілді. Ж.Оспанова Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекс – Халық үніне құлақ асатын мемлекет қағидасы негізінде қабылданғанын, сондықтан заң талаптарын дұрыс қолдану арқылы ғана азаматтарға бағытталған құқықтық мемлекет құруға болатынын айтып, шараны қорытындылады.

Қызылорда облыстық
сотының баспасөз қызметі

АҚПАРАТТЫҚ ТҮСІНДІРУ ТОБЫ СОТТАЛҒАНДАРМЕН КЕЗДЕСТІ

Қызылорда облысы бойынша ҚАЖ департаментінің №60 мекемесіндегі сотталғандар арасында діни экстремизм мен терроризм және деструктивті діни ағымдардың таралуына жол бермеу мақсатында ақпараттық түсіндіру, профилактикалық жұмыстар үздіксіз жүргізіліп тұрады.



«Нұр-Мұбарак» университеті жанындағы «Діни экстремизмге қарсы іс-қимыл» академиясының директоры РАТТ мүшесі, теолог Нүсіпханов Тимур Нүсіпханұлы мекемеге келіп, сотталған азаматтарды жеке-жеке қабылдап, олардың дінге деген көзқарасы мен діни сауаттылық деңгейін анықтау мақсатында еркін әңгіме өрбітті.

Бұл шараны мемлекеттік тапсырыс аясында Қызылорда облыстық қоғамдық даму басқармасының «Асыл мұра» қоғамдық қоры ұйымдастырды. Профилактикалық іс-шара барысында сотталған азаматтарға «Мұсылманның әдептері» тақырыбында насихат жүргізілді. Жазасын өтеуші азаматтар теолог маман тарапынан жүргізілген дәріске қызығушылықпен қатысты және дәріс соңында өздерін мазалаған сұрақтарын қойып, тұшымды жауаптар алды.

«Мекеме теологтары және өзге де мекемеге келуші имамдар мен теологтардың дәрістерін жібермей қатысып келемін. Осының нәтижесінде діни көзқарасым жақсы жағына өзгерді. Бұрын дінді өз деңгейінде дұрыс түсіне алмаған болсам, қазіргі таңда аталған мамандардың еңбектерінің арқасында өз қателіктерімді түсініп дінге, қоғамға деген көзқарасым өзгерді. Дегенмен, осындай республикалық деңгейдегі мамандардың да келіп тұрғандары артықтық етпес еді. Бұрын бұл кісілердің уағыз-насихаттарын тыңдамаушы едім, қазір сол қателігімді түсіндім», – дейді сотталғандардың бірі.

Дана ДОСТАНОВА,
Қызылорда облысы бойынша ҚАЖД

ҚазҰУ-да білім алу – жастардың арманы

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті – Қазақстандағы білім беру жүйесінің бетке ұстары, қасиетті қара шаңырағы, өзіндік дәстүрге бай, көпжылдық білім беру және ғылыми салада тәжірибесі мол жоғары оқу орны. ҚазҰУ бірінші болып мемлекеттік аттестациядан өткен, Қазақстан Республикасындағы жоғары оқу орындар жүйесінің көшбасшысы болып табылады.

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті QS рейтингісі бойынша соңғы екі жылда әлемдегі үздік университеттер қатарындағы Қазақстанның ең үздік университеті болып саналады. Сондай-ақ, Қазақстан Республикасы Президентінің «Сапа саласындағы

жетістіктері үшін» сыйлығының лауреаты, Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының «Қызметтер мен өнім сапасы саласындағы жетістіктері үшін» сыйлығының дипломанты. Университет – Халықаралық университеттер қауымдастығының мүшесі және Еура-



зиялық университеттер қауымдастығының ұйымдастырушысы. Қазақстандағы ең үздік жоғары оқу орнында білім алу жастардың басты арманы. Заң факультетіне мемлекеттік грант үту екінің бірінің қолынан келе бермейді. Универ-

ситетке тек үздік, еңбекқор, ізденгіш жандардың іріктелетіні сондықтан.

Әл-Фараби атындағы университетте мамандық бойынша білім берумен бірге шәкірттердің қабілет-қарымын шындауға, талантын ұштауға зор көңіл

бөлінеді. Әрбір сабақта болашақта мамандарға қажетті ғылым негіздері егжей-тегжейлі, жүйелі түрде оқытылады. Оқытушылар өте білікті өз ісін жетік меңгерген мамандар. Жакында қаржылық сауаттылық туралы лекция болды. Алматы қаласы Бостандық ауданының прокурорлары университетімізге келіп алаяқтарға қалай алданып қалмау керек екенін және ақшаны дұрыс пайдалану туралы кең ауқымды дәріс өтті. Университетте ұйымдастырылған кездесуде еліміздегі сот-құқықтық реформалар мен құқықтық білім беруді жетілдіру жолдары сөз болды. Осындай нақты қадамдармен болашақта әлемдегі мықты 100 университет қатарынан табыларымыз күмәнсіз.

Д. ТУРСЫНКУЛОВА,
з.ғ.к., доцент

А.САУЫТБЕК,
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дің
1-курс студенті

TAPATY

5. «Tower Park» ЖШС, БСН 170940031868, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Астана қаласы, Сарыарқа ауданы, Кенжебек Күмісбеков көшесі, 11 үй, 204 пәтер. Тел.: 87013014965.

6. «Тулпар Экспо» үй-жай иелері кооперативі (БСН 161040023964) өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Астана қаласы, Есіл ауданы, Достық көшесі, 12 үй, т.е.б. 41.

8. «Сыбаға-Ломбард» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (БСН 170140001361), заңды мекенжайы: Алматы қаласы, Әуезов ауданы, «Ақсай-3» ықшамауданы, 1 үй, жалғыз қатысушының 2022 жылғы 28 қарашадағы № 10 шешімі негізінде микроқаржылық қызметті жүзеге асыруға 06.04.2021 ж. берілген № 02.21.0079.1 лицензияның қолданысын ерікті түрде тоқтатуы туралы хабарлайды.

Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап 60 (алпыс) күнтізбелік күн ішінде Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Әуезов ауданы, «Ақсай-3» ықшамауданы, 1 үй мекенжайы бойынша қабылданады. Тел.: +77074111628.

12. «Water Technology Kazakhstan» ЖШС (БСН 100840012902) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде Алматы қаласы, Сыздықов көшесі, 40А үй мекенжайында қабылданады. Тел.: 3986348.

13. «ТеплоРОСС Сервис» ЖШС (БСН 080540013608) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде Алматы қаласы, Сыздықов көшесі, 40А үй мекенжайында қабылданады. Тел.: 2641421.

14. «Солтан Ақиқат» ауыл шаруашылығы өндірістік кооперативі, БСН 180840029854, , өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Жетісу облысы, Текелі қаласы, Д.Конаев көшесі, 38В үй, тел.: 87054488001.

МҰРАГЕРЛІК

9. 18.06.2022 ж. қайтыс болған аз. Пірімбетұлы Сайлауға қатысты мұрагерлік істің ашылуына байланысты мұрагерлері және мүдделі тұлғалар Қызылорда облысы, Шиелі ауданы, Шиелі кенті, Сейфуллин көшесі, н/ж, «Шаңырақ» сауда орталығы мекенжайында орналасқан жеке нотариус А.Есимхановқа хабарласуы қажет. Тел.: 87014743502.

10. 06.04.2021 ж. қайтыс болған аз. Ахетова Гульнара Абдрайхановнаның атына мұрагерлік іс ашылды. Барлық мұрагерлердің мұраны қабылдау үшін Қызылорда қаласы, Ы.Жахаев көшесі, 3 үй мекенжайында орналасқан нотариус А.Р.Жұлдыбаеваға хабарласуларын сұраймыз. Тел.: 87029142773.

ӨРТҮРЛІ

15. «Коммекс-Өмір» өмірді сақтандыру компаниясы» акционерлік қоғамы Компанияның орталық кеңесі орналасқан Алматы қаласы, Наурызбай батыр көшесі, 19 мекенжайында орналасқан ғимаратты күрделі жөндеуден өткізуге байланысты Қазақстан Республикасы, 050008, Алматы қаласы, Әуезов көшесі, 60 үй, 9-қабат мекенжайы бойынша орналасқан «Almaty Residence» бизнес орталығына уақытша көшетіні туралы хабарлайды.

Мекенжай 2022 жылдың 1 желтоқсанында өзгереді және уақытша болып табылады, Компанияның орналасқан жерін ресми өзгертуге және Компания Жарғысына және Компанияның басқа да құжаттарына өзгерістер енгізуге әкеп соқпайды.

Байланыс деректері, телефон нөмірлері және электрондық пошта мекенжайлары өзгеріссіз қалады.

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:

Алматы қаласы

Тел.: 8(727) 292-43-43,

8 (708) 929-98-74

E-mail:

zanreklama@mail.ru

zanreklama.kz

ЖАРНАМА ҚАБЫЛДАЙТЫН ОРЫНДАР:

ЖК «Қандыбаева», Газеттерге, журналдарға және сайттарға хабарландыру қабылдау агенттігі: 8(727)327 30 92, тел/факс: 273 47 98, 8 707 895 21 99, 8 701 739 27 83, 8 705 185 75 73 www.gazetysaity.kz, e-mail: vsegazety@mail.ru Алматы қ., Абылай хан даң., 60, Мақатаев көш.қиылысы, 208 кеңсе.

ЖК «Best Agency», мекенжайы: Алматы қ., Абылай хан даң., 60, Мақатаев көш.қиылысы, 209 кеңсе. Тел/Whatsapp 8 707 280 09 12.

«KAIIROS» ЖК, Алматы қаласы, Жібек жолы даңғылы, 55, Пушкин көшесімен қиылысы, «Алма» СО, 4 қабат, ресепшн, тел.: 271-49-39, 8707 705-92-22. E-mail: kaldybaeva@mail.ru. Барлық хабарландыруды What's app бойынша қабылдаймыз.

ЖК «Gold Capital» Нұр-Сұлтан қ., Абай көшесі, 78, 105-кеңсе. Тел.: 8 (7172) 52-02-11, 8(702)839-90-86.

«Sokrat-PV» Юридическое агенство» ЖШС, Павлодар қаласы,Крулская көшесі,61,кеңсе 23. Телефон: 87027159520; 87182221266 (жұмыс).

«Назар-1 фирмасы» ЖШС («РУТА» ЖА), директоры Кривилова Татьяна Ивановна. Шымкент қ., Г.Ильяев көшесі, 47 (Шаймерденов к. бұрышы) RBK банктің жанында, Тел.: 8 (7252) 53-40-48. WhatsApp : +7-705-705-31-31. E-mail: nazar.reklama@gmail.com

ЖК «TRade and service», Алматы қ., ш/а Жетісу-3, 55/133.

ЖК «Аюбаева», Қарағанды қ., Жамбыл көшесі, 11. Тел.: 8 (7112) 42-00-71.

Арлан-консалтинг ЖШС, Семей қ.,К.Мұхаметханов көшесі, 23 «А»,104-бөлме. Тел.: 8 (705) 798-58-18,8(708)4672701

«Грация» ЖШС, Атырау қаласы,Махамбетов көшесі, 107-а, 2-бөлме, тел.: 32-14-29, 30-65-24, 8701 920 4538.

«ЮрСлужба» ЖШС, Қөкшетау қ.,Е. Әуелбеков көшесі,129. Тел.: 8 (7162) 25-77-17,8(747)8097074.

«Версия-Пресс» ЖШС, Павлодар қ.,Естай көшесі 40. Тел.: 8 (7182) 32-47-67,32-49-04

Қалиасқаров Нұрлан Нұрғисынулы ЖК, Петропавл қ., К.Сүтішов көшесі,58,30-бөлме,3-қабат. Тел.: 8 (7152) 46-02-57,ұялы тел.: 8 (777) 572-29-91, 8 (701) 315-54-59.

ЖК «Бакирова Г.», Шымкент қ.,Желтоқсан көшесі,18. Әділет Департаметінің жанында. Тел.: 8 705 714 58 77.

Михеева Ольга Станиславовна ЖК, Қостанай қ.,Гоголь көшесі,110,ВП 67 (Чехов-Гоголь көш. қиылысы),Тел.: 8-714-2-50-97-07, ұялы тел.: 8-7758847211,8-7053506918.

«Озат-1» ЖШС, Ақтөбе қ.,Алтынсарин көшесі 31. Тел.: 8 (7132) 40-41-05,ұялы тел.: 87774348344 және Ақтау қаласы.

ЖК «SAPA KZ» Атырау қаласы, ұялы тел.: 87781063779,e-mail: zan-at@mail.ru.

«Юридическая фирма «Консультант» ЖШС Орал қ.,Л.Толстой көшесі,28. Тел.: 8 (7112) 50-88-05.

«Реклама» ЖШС, Орал қ., Достық-Дружба даңғылы,182. Тел.: 8 (7112) 50-47-34.

ЖК «Сагидоллина Б.», 1 Теміржол вокзалы, Р.Зорге көшесі 8, «Лина» шаштаразы. ardawka_94@mail.ru, Тел: 87058762218.

«Компания Жете» ЖШС, Талдықорған қ.,ш/а, Молодежный 3-үй, 1-п. Тел.: 8(7282) 24-29-66, 87058147221.

ЖК Гавриленко И.И., Қостанай қ.,пр. әл-Фараби 119-үй,407-А бөлме. Тел/факс: 8 (7142) 53-63-21.

«Жас Отау» ЖК Қыдырбаева Н.Н.Қызылорда қ., Әйтеке би көшесі, 27. Тел.: 26-45-89, ұялы тел: 8 (777)402-28-28; 8 (700) 332-24-78

ЖК Тажибаева, Тараз қаласы, Қойкелді көшесі 158 а, ХҚО аумағы. Ұялы тел.: 87017268772, 87054422939.

ЖК Новоселова Лилия, Петропавл қаласы, Қазақстан Конституциясы көшесі, 28-үй, 1-қабат. Тел.: (87152) 46-74-77, 8-777-228-64-13.

ЖК «Reklam Service», Тараз қаласы, Төле би көшесі, 73 (ауладан кіру). Тел.: 8(7262)502222, ұялы тел: 87019457336 Татьяна.

ЖК «Выдай», Өскемен қаласы, 60. Тел.: 8(7232) 578414, ұялы тел.: 87772256506.

Баспасөз – 2023



«Заң газеті» және «Юридическая газета», «Заң», «Фемид» басылымдарына жазылу жалғасып жатқанын естеріңізге салғымыз келеді.

Төл басылымдарыңыздан қол үзіп қалмаңыздар!

Біздің басылымдарға «Қазпошта» АҚ бөлімшелері, «Қазпресс» ЖШС дүңгіршектері және Алматы қаласындағы «Дауыс» жүйесі арқылы жазылуларыңызға болады.

Жазылу индекстері:

✓ «Заң газеті»

жеке тұлғалар үшін – 65921,

ҚАЛАЛАРҒА:

6 АЙЛЫҚ БАҒАСЫ – 4284,66 ТЕҢГЕ, 1 ЖЫЛДЫҚ БАҒАСЫ – 8569,32 ТЕҢГЕ

ОБЛЫСТАРҒА:

6 АЙЛЫҚ БАҒАСЫ – 4506,06 ТЕҢГЕ, 1 ЖЫЛДЫҚ БАҒАСЫ – 9012,12 ТЕҢГЕ

заңды тұлғалар үшін – 15921

ҚАЛАЛАРҒА:

6 АЙЛЫҚ БАҒАСЫ – 5184,66 ТЕҢГЕ , 1 ЖЫЛДЫҚ БАҒАСЫ – 10369,32 ТЕҢГЕ

ОБЛЫСТАРҒА:

6 АЙЛЫҚ БАҒАСЫ – 5406,06 ТЕҢГЕ, 1 ЖЫЛДЫҚ БАҒАСЫ – 10812,12 ТЕҢГЕ

✉ zanreklama@mail.ru

3. «Лисаков қаласы әкімдігінің сәулет және қала құрылысы бөлімі» мемлекеттік мекемесінде 2023 жылғы I тоқсанға жеке және заңды тұлғалардың өкілдерін қабылдау кестесі

Мемлекеттік органның атауы	Азаматтардың қабылдауын жүргізетін тұлғаның Т.А.Ә.	Азаматтардың қабылдауын жүргізетін тұлғаның лауазымы	Азаматтарды қабылдайтын күні мен уақыты	Мемлекеттік органның орналасқан жері, кабинеті	Байланыс телефоны
«Лисаков қаласы әкімдігінің сәулет және қала құрылысы бөлімі» мемлекеттік мекемесі	Патрикеева Надежда Николаевна	Басшы	Сейсенбі, бейсенбі сағат 9.00-ден 13.00-ге дейін	Лисаков қаласы, Мир көшесі, 31, «Акимат адалдық аланы»	8(714-33) 3-45-21

«Лисаков қаласы әкімдігінің сәулет және қала құрылысы бөлімі» мемлекеттік мекемесінде қызметшілердің сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылығы және қызмет этикасының нормаларын бұзу фактілерін хабарлау үшін 871433-3-45-21 сеним телефоны жұмыс істейді.

7. Ұйымдастыру комитетін құру және саяси партияның құрылтай съезін өткізу туралы

Қазақстан Республикасының «Саяси партиялар туралы» заңының 6-бабы 6-тармағының 1) тармақшасына сәйкес, ұйымдастыру комитеті «Respublica» болжамды атаумен саяси партия құру ниеті жөнінде хабарлайды. Саяси партия құру ниеті жөніндегі хабарлама және өзге де құжаттар Қазақстан Республикасының Әділет министрлігіне 2022 жылғы 24 қарашада ұсынылған болатын.

Құрылтай съезі 2022 жылғы 3 желтоқсанда сағат 13.00-ден 16.00-ге дейін Алматы қаласы, Медеу ауданы, «Самал-1» шағынауданы, Жолдасбеков көшесі, 9а (6-қабат) мекенжайы бойынша «Еуразия» көпфункционалды сауда кешенінде өткізілетін болады. Байланыс телефоны: +77773015056 (WhatsApp). E-mail: respublica.party@gmail.com.

Қарағанды облыстық сотының судьялар ұжымы мен Қазақстан Республикасының Судьялар одағының Қарағанды облыстық филиалы Қарағанды қаласы Қазыбек би ауданының №2 аудандық сотының құрметті отставкадағы судьясы Үкібасова Сәулеш Көпжасарқызына

АНАСЫНЫҢ

дүниеден өтуіне байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Ағанияз бүгінгі өміріне аса разы. Бәрі де сәтімен жүріп келеді. Үлкен қалада күйлі-қуатты тіршілік кешіп жатқан жайы бар. Жайлы тұрмыс, жақсы қызмет деген-дей. Әйелі де дұрыс жан болып кездесті.

Бүгінде үйлі-баранды. Ұл-қыздары өсіп, алды жеке жанұя болып үлгерді. Тіпті, немерелері да бар. Бір ұлы жанұя-сымен Америкада тұрып жатыр. Үлкен қызы Жапонияда оқып, сонда жүріп түрік жігітмен танысып, соған тұрмысқа шыққан. Міне, жеті-сегіз жыл болып қалды, Стамбұлда тұрады. Ағанияз келіншегі Ділбара екеуі соңғы жылдары жыл сайын кезекті демалыстарын Түркияда өткізетін болып жүр.

Иә, бәрі ойдағыдай. Тек окта-текте белгісіз бір нәрсе мазалайды. Неге екенін өзі де білмейді. Әлденеге алаңдайды. Кейде, тіпті, кәдімгідей қатты қулазитыны бар. Әлдебір таңғы елес торуылдайды. Мұндайда кейде жанын қоярға жер таппай елегізиді.

Сол таңғы елес кейде күнімен жанынан қалмай, санасынан өшпей жүріп алады. Мұндайда тоназытқышта тұрған қымбат коньяктан бірер рюмке тартып жіберіп барып қана қутылады. «Бүйте-бүйте ішкіш болып кетпесем жарады...», — деп те ойлап қоятыны бар.

ТАҢҒЫ ЕЛЕС

Осындай күндердің бірінде телефон қоңырауы кенеттен шыр ете түсті. Баяғы заманда бірге оқыған кластас досы бар еді, сол соғып тұр екен. Бала күннен аса жақын дос болмаса да, құлын-тайдай тебісіп бірге өскен ол жігітпен отыз бес жылдан бері сөйлесіп тұрғаны осы бүгін. Үш ұйықтаса, ол телефон шалады деген ой түсіне кірмепті.

— Ассалаумағалейкум, Ағанияз! — деді телефонның арғы жағындағы қоңыр дауыс. — Мені ұмытып қалған шығарсың. Дамыл деген сыныптасың есінде ме?

— Неге есінде болмасын?! Арادا сандаған жыл өткенімен, осы бір сұңғақ бойлы, ойлы жанарында ылғи да тұңғыық бір сыр тұнып тұратын ақылды баланы окта-текте өзі де есіне алушы еді. Әлдебіреуге деген балалық бір бауыр-малдығын уақыт бедерімен ұмытылмай, өзімен бірге жасасатын адамдарың болады ғой. Бұл да сол сияқты.

Дамылды әскерден кейін Ресейдің ішкі қалаларының бірінде қызметте қалыпты деп еститін. Кейін милицияның оқуын тауысыпты дейтін. Одан басқадай хабары жоқ еді. Енді бүгін сол Дамылдың өзі теле-фон шалып тұр. Баяғы бозбала кезіндегі қою тембірлі қоңыр дауысы өзгермепті.

Екі жігіт хал-жағдай сұрасып біткен соң, Дамыл:

— Досым, сенімен кездесетін өте бір шұғыл жағдай болып тұр, — деді. Ағанияз аздап тереңдей сұрамақ еді, оған Дамыл көнбеді. «Көз-көз-көз жүздесуіміз керек!», — деп қысқа қайырды.

Екі сыныптас қаланың арал жағындағы көне мейрамханалардың бірінде кездесті. Дамылдың бет-бейнесі өзгермепті. Бәз-баяғы ойлы жанар, сабырлы мінез. Тек сұңғақ бойы толысыпты да, бұл оның ажар-бітіміне тіпті қосымша әр беріп тұрғандай екен.

Хал-жағдай сұрасылды. Дамыл жасы елуге таяса да, ішкі істер саласынан әлі догарысқа шыға алмай жүр екен. Үлкен бастықтары босатпай келеді дейді. Қызметі өскен. Білдей бір облыстың басқарма басшыларының бірі екен. Бірақ ескі достар балалық шақтың әңгімесіне терең бойлай қоймады. Дамыл уақыт жоғалтпай, іске төтесінен көшті.

— Ағанияз, осы сендер біздің ауылдың күнгейіндегі Терісаққанда көп жыл қыстадыңдар, иә? — деді Дамыл әңгімені әріден бастап.

— Иә, ол қай заман! Қырық жыл уақыт өтті ғой одан бері. Сен оны неге еске алдың? — деді Ағанияз әңгіме желісімен сөз ауанына аса мән бермей.

— Көршілес Қуан деген жерді бұдан біраз жылдар бұрын Қытайдан келген оралман ағайындар меншіктеп алғанын естіген шығарсың. Бұлар өзі белінетті қуалап жүріп ерттеп мінетін жаны жоқ, тынымсыз адамдар екен ғой. Малды кө-бейтіп, енді бағыздан иен жатқан Теріс-аққанды да еншілеп алыпты. Онда ескі қораның орнын сыпырып тастап, жаңадан ұзыннан-ұзақ үлкен қора салып тастапты. Қазір бір оралманның өзі ғана бес жүз бас ірі қара, алты-жеті жүз бас жылқы өсіріп отыр деседі.

— Иә, шет жағасын еміс-еміс естіген-мін. Сен бәрін егжей-тегжейлі қазалап айтып отырғаныңа қарағанда, ел жақтың



жағдайын бес саусағындай білетін сияқтысың ғой. Шынын айтқанда, мектептен кеткеннен, қайтып ауылға бармаппын ғой...

Ағанияздың ойына марқұм анасы оралды. Шешесін бала кезінен «Тәте» деу-ші еді. Шешесі көзі тірісінде: «Балам-ау, ел жакка бір барып қайтсақ қайтеді?...», — деп анда-санда қыңқылдап қоюшы еді. Мұндайда бұл «Ол жақта қайсыбір кимасымыз қалып еді?! Сінбіретін уақыт жоқта, тәте-ау, сен де қайдағыны айтады екенсің?!», — деп анасын тыйып тастаушы еді. Марқұм ондайда көзі жасаурап, меселі қайтқандай болып, бір түрлі бүгезектеп, теріс айналып кететін.

Ағанияздың бет-жүзіне зер сала қараған Дамыл шылымының тұқылын құл-сауытқа мыжғылап өшіре беріп:

— Сол оралмандар қорасын кеңейтіп құрылыс жүргізіп жатып, жотаның етегі-нен адамның мәйітін тауып алыпты..., — дей бергенде, алаңсыз шай ұрттап отырған Ағанияз селк ете түсіп, ыстық шайға қақа-лып қала жаздады. Бұл мезет тісқаққан Дамылдың назарынан тыс қалмады.

Есін жиып ала қойған Ағанияздың сөйтсе де:

— Не дейт?! — деген ащы дауысы саңқ етіп шықты. Онысына өзі қысылып та қалғандай болды.

— Ең бастысы, мәйіт тым алыс жыл-дардікі емес. Тіпті, киімінің жұрнақтары, белбеуінің қайысы мен бұзаубас айыл темірі жап-жақсы сақталған. Және де сарапшылар белбеудің 70-жылдары Алматы фабрикасынан шыққанын айтып отыр. Біздің ауданның ішкі істер бөлімін қазір өзіміздің Адырбай асқакалдың кенже ұлы Ділдәбек басқарады. Мен оған әзірге ешқандай дабыра жасамаңдар деп қатты тапсырдым, — деді Дамыл түк болмағандай сабырлы қалпын сақтап.

Арада бірер минут үнсіздік орнады. Орнынан тұрып, терезе жакқа барып, кері оралған Дамыл сыныптасының жүзіне барлай қарап тұрып:

— Не айтасың, досым? — деді.

Ағанияздың онсыз да сұрғылт бетінен қан қашып, аппақ қудай болып кетіпті. Қолының дірілін бас алмай:

— Берші темекіңнен, — деп Дамылға қарай қолын соза берді.

Ағаниязды уақыт керуені кері алып кетті. Ол жылдары бұлардың үйі Бөкенбай ауылынан сегіз-тоғыз шақырым жердегі Терісаққанды қыстаушы еді. Әкесі Жан-ұзақ бойдақ мал бағады. Шешесі Мүнира көмекшілікте. Жасырып-жабар несі бар, әкесі ащы суга тым құмар болды. Бұн-дай әбес қылығы бүкіл ауылға мәлім еді. Онысын қойшы, ішіп алғанда кісі таны-май кететін төбелескіштігі, жоқ жерден жанжал шығаратыны қиын-ды. Былайғы жұрт «қаны сұйық» деп, әсіресе, ішкен кезінде маңына жуымай, қашық жүруге тырысатын.

Ішкен күні шешесінің соры. Әй-шәйге келмей, таяқ ала жүгіреді. Мүнираны ая-май талай тепкінің астына алған. Пышақ ала жүгірген күндері де аз емес. Анасы бір ұлдан басқа бала көтермеді. «Бала неге таппайсың?!» деп қуалап, қамшының астына алатын.

Ағанияз ол кезде үшінші-төртінші оқып жүрген кішкентай бала. Бұны саба-

маса да, шешесінің қан-жоса болып талып жатқанын көргенде, ебіл-себіл жылап, далаға безіп кететін. Айуан әкеге қылатын қауқары жоқ қой ол кезде. Шешесі қатты таякқа жығылғанда, екі-үш күн төсек тар-тып жатып қалады. Бейшараның соңынан іздеп келетін жақын-туыс, жамағайыны жоқтың қасы еді. Жанұзақ ертеңінде мастығынан айыққанда, әйелі мен бала-сының бетіне қарауға беті жоқ, үн-түнсіз атына мініп қой соңынан кетеді.

Әкесінің мастыктан аттан құлап, талай рет далада да қалып қалған кездері аз емес еді. Мұндайда Мүнира енді ғана оң-солын танып, ес жия бастаған баласын жуас атқа мінгізіп, әкенді тауып кел деп іздеуге жібе-ретін. Көрген қорлығына қарамай, күйеуін аяйтын. Бейшара өзі жетім өскен жігіт, күйіктен ішеді ғой деп өз-өзін жұбатып, оған жаны ашытын.

Ағанияз жадында өшпестей болып жа-зылып қалған сол жылғы күзгі уақиғаны ойласа, жанын қоярға жер таппай, қина-лады. Әсіресе, таңға жуық шырғт ұйқыдан оянып кетіп, төсегінде дөнбекшіп жатып алады. Бала кезден қалған бір елестер ізінен қалмай қуалайды. Бұл сол елестен құтылғысы келіп, жанұшыра қашады. Бірақ елес соңынан қалмайды.

Әкесінің ішіп алғандағы үйреншікті боқтығын тыңдап жатып, ұйықтап кетіпті. Түннің бір мезгілінде жұлдырап оятқан қатқыл қолдан оянып кетті. Шашы қобы-рай жайылып, беті қан-қан, еңіреп жылап тұрған шешесін көріп зәресі зәр түбіне кетіп, қатты шошынды.

— Тұршы балам, тұршы!

Ағанияз орнынан қалмай қарғып тұрға-нын білмей қалды.

— Не болды, тәте?!

Шешесінің:

— Жүрші, мына жакта әкен...,— деуге ғана тілі келді.

Шала-пұла киініп, шешесінің ізімен сыртқы ауыз бөлмеге өтті. Бөлменің іші астан-кестен. Ағанияз осы бей-берекеттің арасынан іргеде сұлап жатқан әкесін енді ғана байқалды.

Қалш-қалш етіп тұрған анасы:

— Балам, мен осы әкенді өлтіріп ал-дым, білем...,— деді дауысы тарғылдана шығып.

Жас бала болып жатқан оқиғаны әлі саралап үлгерген жоқ. Баланың жан-дү-ниесі оны қабылдайтындай қауқарлы емес-ті. Бір кезде барып санасына жеткен нәрсе — әкесінің өліп қалғаны болды. Сасқанынан:

— Тәте, кім..., кім оны?... — дей берді.

Қас пен көздің арасында деуге болор-лық мезетте орын алған суыт оқиғадан әлі де есін жиы алмай тұрған анасы:

— Мен..., мен емеспін...,— деп екі бетін басып, тұрған орнында жерге отыра кетті.

Әлден уақытта бар күшін жинап:

— Ол өзі..., өзі кінәлі, — деді қыстыға жылап. Қатты өкіріп ойбайға басайын десе, жеткіншек баланы қорқытып алар-мын деп сактанған да болар.

Бала санасында «Мүмкін ол тірі шығар. Шешесі қорыққаннан өліп қалды деп тұрған болар. Бәлкім, ұйықтап жатқан болуы мүмкін...» деген ой жылт етті. Бас-палап әкесіне жақындады. Әкесінің көзі шарадай болып, жансыз қалыпта аспанға қарап қалыпты. Көйлегі кеудесіне қарай сырылып жатыр. Жүрек тұсында ұйып қалған қан қараяды. Ағанияздың артынан



өлі денеге Мүнира да таяп келді. Алғашқы үрейі аздап сөйлейіін дегендей.

Шешесі болған жайды әр сөздің басын бір шалып, әзер-мәзер дегенде түсіндірді. Жанұзақ бұны тағы да қолына пышақ ұстап қуалаған. Ол пышақтың өзіне қалай көшкенін білмейді. Бәлкім, Жанұзактың өзі шалынып барып пышаққа түсуі де мүмкін. Жүрекке сілтей соғатын күш мұн-да қайдан болсын. Ашудан сілтеуі де мүм-кін. Енді бір есін жиса, күйеуі шалқалай барып құлап барады екен. Қорыққанынан далаға қашып шығып, айналсоқтап біраз жүріп, бәрі тынышталып қалған соң, ішке кірсе, Жанұзактың қансыз денесі суып ба-рады екен. Тамырын ұстаса, соғуын тоқта-тыпты. Тек көзі ғана шарасынан шығардай болып шеңбірек атуға даяр тұр. Қорықса да, иманын үйіріп барып, оң қолымен екі көзін жауыпты. Міне, болған жай осы.

Аналы-балалы екі бейбак сүт пісірім мезгілі үнсіз тұрып қалысты. Әркім өз ойымен әуре. Жас балада не ой болсын, қорқынышы сөйілмей, бойындағы дірілін баса алар емес. Ал Мүнираның көз алды-на небір сұмдық көріністер келіп, кино лентасындай бір-біріне ілесө өтіп жатыр. Таң атып, күн шығысымен мына сұмдық уақиғаны ауыл естіді. Одан болған жайды милицияға хабарлайды. Сөз жоқ, күйеуін өлтірді деп Мүнираны қамайды. Одан аргысы белгілі — абақты. Осының бәрін қас пен көздің арасында санасынан өткізіп үлгерген Мүнира ең алдымен жалғыз ұлдың жайын, алдағы тағдырын ойлады.

Бір мезетте осы бір ауыр ойлардың азапты салмағын кері серпіп, бір шешімге келмесек болмайды!

Ағанияз шешесінің дауысынан қорқы-ныш емес, әлдеқандай бір үмітсіздік торлаған торығуды байқады. Түрі кісі шо-шырлықтай әлемтапырық болып кеткен анасын бұрын-соңды өзі бастан кешірме-ген аянышпен қатты мүсіркегені есте.

Одан кейінгі суреттің реті сол баяғы отыз жыл бұрынғыдай қаз-қалпында бүге-шігесіне дейін көз алдына келді. Анасы екеуі әкенің өлі денесін екі жақтап көтеріп сенекке шығарды. Шешесі сол бір тас қараңғы үрейлі түннің түскіген қабағынан қаймықпай далаға шығып, манайды шолып кері оралғанша біршама уақыт өтті. Ағанияз шешесі келгенше өлі денеден өлердей қорқып, жүрегі атқақтап соғып, далаға атып шыға жаздап әзер тұрды.

Шешесі сенекке ки шығаратын қол ар-баны жетелей кірді. Бетінің қанын жуып, шашын жиып үлгеріпті. Қой күзетіндегі қос төбет иттерді де байлап тастапты.

— Қорықпа, балам! — деді анасы ұлына жігер бере сөйлеп. — Таң атқанша жерлеп үлгермесек, жағдайымыз қиын болады.

Осы сәтте Ағанияз өз бойындағы қорқыныш пен аяныш астасқан сезімінен бірте-бірте арылып, енді санасында «Өлі денеден ертерек құтылымаса болмайды» деген сактық, қорғаныс инстинкті ба-сым түсе бастағанын сезді. Жанталаса қимылдап, әке мәйіті тиелген ауыр қол ар-баны қыстаудың қыр жағындағы ойпаңға жеткізгенше ет пісірім мезгіл өтті. Түн тыныштығын бұзған екі жан қолдарына үшкір күрек алып, іске кірісті. Анасының бейнебір осы жағдаятқа бұрыннан даяр-ланған жандай, бәрін рет-ретімен жасап жатқаны тан қалдырды. Бұны сол сәтте аңғарардай балада қайдан шама-шарық болсын?! Ағанияз осы мезеттерді кейін ес біліп, етек жинаған кезінде ауық-ауық есіне түскен шақтарда санасынан қайта-дан өткізер еді. Сонда сол бір алмағайып

сәттегі анасының асқан салқынқандығын ойлап таң қалар еді...

Әкесінің мәңгілік мекені қазылып болып, мәйітті шұңқырға түсірер мезетте Ағанияздың бойын қатты үрей меңдей бастады. Бойындағы дірілін баса алмай, аяздан тоңғандай тісі-тісіне тимей сақыл-дап, қалшылдады. Бетін ащы жас жуды. Мүнира баласының мына бір мүттәйім күйін көріп, түсінесе де, сын сәтте босаң-суға болмайтынын жан-тәнімен түйсінген-діктен де, айқайға жуық дауыспен:

— Тый жасыңды! — деп жекірді.

Ағанияз дауысы арғы жақтан шыққан-дай болып:

— Мүмкін әлі тірі шығар...,— деп кем-сендеді.

— Тірі адамның тамыры аз да болсын соғып жатады. Денесі де суымайды, — деді шешесі самайынан аққан тер суша сорға-лап тұрып.

Ең ауыры — мәйітті көрге түсіру болды. Қиын сәтте адамға қиуадан қайрат қосы-лады деген рас екен. Әншейінде әлсіздеу көрінетін анасына еркектің күші біткен-дей. Мүнира төменге өзі түсіп, баласының көмегімен мәйітті ыңғайлап жатқызып, ытқып сыртқа шықты. Жанұзактың де-несін көміп, беткі топырағын тегістеп бола бергенде күздің таны бозарып ата бастап еді.

Аналы-балалы екеу қол арбаның ізін тегістеп, төмпешіксіз жаңа бейіттің үстіне жабайы сіпсенің дәнін үгіп із жасырды.

Екеуі кері оралған соң, шешесі үй ішін жуып-шаюға кірісті. Бір заматта барып, белін жазып, «Ух!» деп демін ала бере, қорқынышы сөйілмей тұрған ұлын жанына шақырып алып, басын кеудесіне қойып, қатты қысып құшақтады. Сосын орындыкқа отырғызып, өзі қарама-қарсы жайғасты да, Ағанияздың екі иығынан қапсыра ұстап, көзін-көзіне қадап тұрып:

— Балам, — деді барынша анық-қа-нық, жігерлі сөйлеуге тырысып, — сен барлығын ұмытуға тиіссің! Бәрін қорқы-нышты түс деп ойла. Менің кінәм болма-са да, өзімді Алла алдында да, адамдар алдында да күнәлімін деп санаймын. Егер бұл сұмдықты есіңнен мәңгі шығарып тастай алмасаң, екеуіміздің де өміріміз-ге балта шапқанын! Мұны қайтып еске алмайтын болсаң, онда өміріміздің жаңа белесі басталады. Әкенің соңынан жа-ман сөз айтпай-ақ қойып, бірақ-тағы екеуіміз де көресіні әбден көрдік емес пе. Тағы да айтайын, бұл жерде менің кінәм жоқ. Қасақана жасамадым. Менің күнәм — әкенің өлімін елден жасырғаным. Осы-лай болғаны дұрыс деп ұйғардым. Алла өзі кешірсін! — деді де, ұлын мейірлене күшты. Шешесінің құшағынан босай бер-ген Ағанияз кібіртктеп барып:

— Тәте, сұраған кісілерге не дейміз? — деді күмілжіп.

— Сен ештеңе білмейсің, балам. Еш-кімге ешқашан бір ауыз сөз айтушы бол-ма! — деді тағы да шегелеп.

Ағанияз көп ұзамай ұйқыға жатқа-нымен, қалғып бара жатып, қайта-қайта шошына ояна берді. Әбден қалжырап барып көзі ілінді.

Оянса, түс болып қалыпты. Күн демал-ыс екені есіне түсті. Алдыңғы бөлмеге шықса, үй іші мұнтаздай тап-таза, жарқы-рап тұр. Түнгі алапат үрейлі уақиға ойнаа оралып, басы айналғандай болып, қатты лоқсыды.

Дала жым-жырт. Шешесі мал өргізіп кеткен сияқты. Тәбеті ештенеге соқпай, есік алдында сенделіп жүрді де қойды. Әкесінің мәйіті жасырылған жаққа үрке қарап қояды. Абырой болғанда, бір-екі күн бұлар жаққа ешкім ат ізін сала қоймады.

Тағы бірер күн өткен соң, анасы орта-лыққа барып, жоғалған күйеуіне іздеу шықты. Ел бір дүрлігіп барып басылды. Жанұ-зақ марқұм ізсіз жоғалғандар санатында ішкі істер бөлімінің тіркеуіне жазылды.

Араға бір жыл салып барып, Мүнира жалғыз ұлын алып, елмен қоштасып, төр-кін жұртына көшіп кетті.

Үнсіздікті Дамыл бұзды.

— Жарықтық әкенің бейнесі есімде. Кеңіліңе келмесін, ішімдікке салынып, күнде жанжал шығарып, шырықтарыңды талай бұзды ғой. Мына жәйітті ести сала, күдігім оялды. Ел арасында дабыра болып кетпеуі үшін барынша әңгіменің алдын алдым. Кемі жүз жыл бұрын жерленген мүрде екен деп сыбыс тарттым. Менікі — кәсіби ауру ғой. Күдігім әбден сөйілмей, тағат таба алмаймын. Сені де іздегенім сол. Есесіне отыз жылдан соң, өзімен жолықтым. Өміріңнің жақсы жолда екенін көріп, көңілім орнына түсті. Анаңның қазасын естімеппін, иман байлығын берсін марқұмның.

Ағанияз сыныптас досының бір дем-мен айтылған осы монологын селт етпей тыңдап, үстінен соншама жылдар бойы зілтемірдей басып келген ауыр жүктен енді толық босағандай, терең тыныстады. Таңғы елес енді қайтып мазаламасына сенді.

Сайлау ТӨЛЕУОВ